

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУДЫҢ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫ**

Нұр-Сұлтан  
2022

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2022 жылғы №9 хаттама).

**«Бастауыш сыныпта баланың тілін дамытудың әдістемелік ұсынымдары».** – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 80 б.

Жинақ Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының «Бастауыш сыныпта баланың тілін дамытудың» әдістемелік ұсынымдары берілген.

Әдістемелік ұсыным орта білім беру ұйымдарының басшыларына, білім басқармалары мен бөлімдерінің, оқу-әдістемелік орталықтардың әдіскерлеріне, мектепалды даярлық, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022

## КІРІСПЕ

Біздің тәуелсіз елімізде білім беру жүйесіне болып жатқан өзгерістер жас ұрпақ тәрбиесі үшін терең жауапкершілік сезіліп отырған бүгінгі таңда оқу-тәрбиенің тиімділігін арттыру бағытында мүмкіндіктерді пайдалану керек.

Бала – балғын тал, ересек адам – бағбан. Бұл халқымыздың заманнан-заманға айтып келе жатқан қағидасы. Сондықтан ең алдымен біз баланың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыруымыз керек.

Тіл-ақиқатты танудың басты құралы. Психологиялық әдебиеттерде тіл болмаса ойдың тумайтыны нақты айтылған.

Тіл біздің басқа адамдармен танысу және сезіміміз бен көңіл-күйімізді білдіру үшін үлкен рөл атқарады. Сол үшін кіші мектеп жасынан бастап білім алушылардың тілін дамыту бірінші орындарға қойылады.

Тіл дамыту мәселесі бүгінгі күнде тілі енді шығып келе жатқан сәбиден бастап ересектер үшін де өте маңызды. Қазіргі заманғы мектеп тек білім беріп қана қоймайды, сонымен бірге осы білімді өмірде қолдана алатын, қарым-қатынас жасай алатын және ішкі мәдениеті бар, ойлай, сезе алатын адамды дайындауы керек.

Бастауыш сынып білім алушылары үшін тіл – білім алудың көзі болып саналады. Сондықтан да ата-аналар мен педагогтер баланың тілін дамытудың маңызын түсінуі тиіс. Білім алушының тілінің дамуы жоғары болса, ол оның өмір жолында, сыныптастарымен қарым-қатынасына, сонымен қатар мектепте нәтижелі оқуына әсер етеді.

Сөйлеу тіліне ең алдымен, анықтама бере кетсек. «Сөйлеу тілі – күнделікті қарым-қатынаста пайдаланылатын әдеби тілдің бір түрі. Сөйлеу тілі белгілі бір жағдайда ауызба-ауыз тікелей жалғанатын қатынас тілі болғандықтан, ол сөйлеудің ауызша формасымен тығыз байланысты болады. Ал ауызша сөйлеуде еркіндік басым келеді, яғни үйреншікті жағдайда адамдар емін-еркін сөйлейді. Сонымен бірге сөйлеу тілі жазбаша түрде де қолданылады.

Оқушылардың сөйлеу тілінің қабілеттерінің қалыптасуы және дамуының нәтижелі шарттары қандай?

Ең бірінші шарт ол – қарым-қатынастың қажеттілігі. Демек, өз пікірімен немесе ақпаратпен бөлісу тілегі мен қызығушылығын туғызатын, сөйлеу тілінің ынтасын айқындайтын жағдайларды қалыптастыру керек.

Екінші шарт ол – қарым-қатынас ортасын құру. Қарым-қатынас ортасы – бұл ата-аналардың, жақындардың, достардың әңгімелері, көркем әдебиет, бұқаралық ақпарат құралдары, мұғалімнің сөйлеу тілі, оқулықтардың тілі. Сөйлеу тілі білім алушыға қарым-қатынасқа түсуге және дүниені танып білуге көмектеседі.

Бастауыш сынып білім алушыларының сөйлеуге үйретуде психологияға сүйенбей болмайды. Сөйлеу тілін дамыту процесінде адамның еркі, есте сақтау қабілеті, ой-өрісінің дамуы, сезімі, қиялдай білу ерекшеліктері негізгі рөл атқарады.

Бастауыш сынып білім алушыларының сөйлеу тілінің дамуы әрдайым педагогикалық басшылықты қажет етеді. Сөйлеу тілін дамыту мен байытуда жүйелі жұмыс қажет.

Бастауыш мектеп бағдарламасында балалардың жас ерекшелігіне байланысты тапсырмалар, жаттығу жұмыстары берілген. Сол сияқты тіл жұмыстары мәтіндерді оқу, оны мазмұндап айту, сұрақтарға жауап беру және шығарма, мазмұндама жазу арқылы жүзеге асырылады.

Көптеген мұғалімдердің байқауы бойынша бастауыш сынып білім алушыларының жаттығуларды түсінбеуі, олардың тілінің дамуының жетіспеушілігінің себебі болып отыр.

Жаңа сөздермен жұмыс тіл дамыту барысында ерекше орын алады. Білім алушы әр сабақ барысында белгілі бір мөлшерде жаңа сөздерді меңгеруі тиіс. Сөйтіп, білім алушылардың сөздік қоры молаяды. Сабақ барысында сөздерді жеке дара емес, белгілі бір жағдайға байланысты тақырып аясында қолдануға мүмкіндік жасалуы тиіс. Ахмет Байтұрсынұлының: «Тіл дамыту мәселесі тек қана грамматика заңдарына үйреніп, не болмаса, сөздерді балаға үйретіп қана емес, сөзді тіршілігінде көрсету барысында ғана шешуге болады», – деген тұжырымы бұған дәлел бола алады.

Сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастаған сайын бала айналадағы адамдармен, құрбылас балалармен белсенді түрде сөздік қарым-қатынас жасайды.

Бала тілін дамытып қалыптастыруда өз ұлтымыздың ауызекі шығармашылығының тигізер ықпалы зор. Халқымыздың ертегі, аңыз-әңгімелері, мақал–мәтелдері, жұмбақ, жаңылтпаштары, ойнақы, жеңіл тілімен беріледі. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттенеді, кейбір тілі келмей, бұзып айтатын дыбыстарды анық айтуға жаттықтырады. Ал жұмбақ айтқызу баланы тапқырлыққа үйретіп, ойлау қабілеті мен тілін ұштайды. Мақал-мәтелдерді пайдаланудың әдіс-тәсілдері көп. Оларды сыныпта, сыныптан тыс оқуда белгілі бір тақырыпты оқытумен бірге сәйкестендіріп алған ыңғайлы.

## 1. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БАЛАНЫҢ ТІЛНІ ДАМУДАҒЫ ТІЛНІ ДАМУДАҒЫ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақ мектептерінде оқытылатын ғылыми негіздері ана тілі арқылы жүргізіліп, білім алушылардың дүниетанымын, ой-өрісін, тіл байлығын, ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту қазақ тілінің қалыптасқан заңдылықтары арқылы жүзеге асырылады. Сол себепті бастауыш сыныптарда ана тілінің заңдылықтарын жете меңгеріп, әдеби тіл нормаларында еркін сөйлеп, сауатты жаза білу мақсаты қойылып отыр. Өйткені тіл дамыту нақтылап айтсақ ой дамыту болып келеді.

Тіл, ол біздің қоғамдық қатынасымыз, біздің басқа адамдармен сөйлесіп пікір алысу үшін үлкен рөл атқаратын құбылыс. Тіл мен қоғам өзара байланысты, себебі тілсіз қоғам өмір сүре алмайды. Тілсіз ұлттың болашағы жоқ.

Тіл – адамзаттың өмір сүруіне зор ықпалын тигізеді. Тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Тілдің өмір сүруі үшін қоғам үлкен рөл атқарады.

Тіл – тарих. Онда халықтың ғасырлар бойы жинақтаған іс-тәжірибесі мен даналығы бар. Сананың аздығы мен көптігіне қарамай, әрбір халық өз тілінде асыл армандары мен әсем жан дүниесін, барша жақсылық атаулыға құрметін, адамзат бақытына кесір келтіргендерге лағнеті бейнеленген. Тіл – оны жасаушы халықтың тарихы, шежіресі, бүкіл өмірінің жаңғырығы мен ізгі арманы мен алдағы үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні естіліп тұрады.

Ана тілі, бүкіл ақыл-ой дамуының негізі және бүкіл білімдердің қазынасы. Өйткені білім алушыларға ғылым негіздерінен жан жақты білім мен дағды беретін, сауатты жазу мен мәдениетті сөйлеуге төселдіріп, тіл материалын меңгертетін де осы пән.

Ана тілі пәні дұрыс жазу, сауатты сөйлеу ережелерін меңгерту үшін ғана жүргізілмейді, сонымен бірге, логикалық ойлауды дамыту үшін де қажетті құрал. Өйткені сөз дарындылығының өрістеуі ойлау логикасымен байланысты. Өз заманында «Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеуді Отандық тіл ұстазы дамытуға тиіс», - деп көрсеткен ұлы педагог К.Д. Ушинский.

Еркіндікке қолы жеткен қазақ халқының болашаққа артқан үміті, сенімі осы қазіргі мектепте отырған, келешекте отыратын жаз жеткіншектерімізде. Тіліміз ғана емес, жалпы халық болып сақталып қалуымыздың өзі қазіргі білім алушыларға ана тілін қалай меңгертуімізге байланысты. Енді бұл мәселеде жетпіс жылдай танытқан енжарлығымыздан таймасақ, белсенділік танытпасақ, тілсіз, тарихсыз бір тобырға айналуымыз анық.

Міне, сондықтан саналы ересек ұрпаққа ұлы жауапкершілік жүктелмек, ол жауапкершілік – ата-бабамыздың әр сөзін сан ғасыр бойы сомдап жасаған ұлы қазына ана тілін көздің қарашығындай сақтап, кіршіксіз күйде келешек аманат етіп тапсыру. Сол арқылы жеткіншегіне туған халқының ақыл-ой тұжырымын, дәстүр-салтын игерту. «біздің қазақтың ісі жаңа басталып келе жатыр...XX ғасырға дейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген асыл мүлкін қолына алып, быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», деп жазған

болатын осы ғасырдың басында қазақтың аса көрнекті ағартушы – педагог А. Байтұрсынов.

Тіл – рухани байлықтың шыңы. Рухани болмыстың деңгейлік баспалдақтары; танымдық, қазыналық, мән-мағыналық. Тілін меңгерген адам – сара жолын сараптап, игерген адам.

Тілді меңгеру ананың ақ сүтінен басталып, бесік жырымен тербетіліп, өмір сатысымен нықталады. Өткен кезең мәдениетінің тұңғығына бойлап, оның ішкі мазмұнын түсінуге тырысу адамды рухани жағынан байытады.

Қазақ тілі – аса бай тіл. Қазақ тілінің тазалығы жайында француз ғалымы А.Жарри де Манси «Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі мейлінше таза тілдердің бірі» (Жарри де Манси «История древних и новых литератур, наук и язычных искусства Москва, 1832. 104-105 бет), - десе, В.В. Радлов «Зигро» журналының алтыншы томының 70 бетінде жарық көрген «Средняя зарафшинская долина» мақаласында: «Қазақтың тілі ұшқыр да шешен, ойнақы да, өткір, сұрақ-жауаптарға оңтайлы, кейде тіпті таңқаларлық түрде тапқыр және бәрі де, тіпті оқымаған сауатсыздарының өзі де тілін жетік меңгерген, мұндай жағдайды біз тек Европадағы француздар мен орыстардың бойынан ғана байқаймыз», - деп жазды.

Татар ғалымы А. Саиди 1926 Қазан қаласында басылған «Тіл, әдебиет, жазу әрі олардың өсулері» кітабының 86 бетінде «Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол қазақ тілі мен қазақ әдебиеті біз мұны ашық айтуымыз керек», - дейді.

Көрнекті жазушымыз Ғабит Мүсірепов: «Ана тілі дегеніміз – ол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың өткенін де, болашағынан да қол үзеді», - деген.

Соңғы жылдары журнал беттерінде шыққан мақалаларда да білім алушылардың тілін дамыту мәселелеріне әжептеуір көңіл бөлгенін байқаймыз. Бұл жөнінде Ә. Сыдықовтың «Оқу-жазуға үйретуде психология не айтады?» деген мақаласын айтуға болады. Автор бұл мақалада балаларға оқығанда, жазғанда, көп салмақ түсетінін (көру, есту, сөйлеу мүшелері, қолы, саусақтары, мидың 4 түбегі бірдей қызмет істейтінін) айтып, оқуға, жазуға үйрету кезеңін 5-ке бөледі:

Көру, есту, сөйлеу, ойлау мүшелерінің қызметі қолдың қимылымен байланысты. Күштің көбі қол жаттықтыруға кетеді.

Білім алушы сөздің, сөйлемнің мазмұнын тез айыруға дағдыланады. Бұл кезде мұғалімнің көмегі керек.

Білім алушы өз бетімен оқып, шығарманың мазмұнын түсінеді, өз ойын шығарып, сөз жасау басталады.

Оқыған нәрсені жазады.

Сауалнама, қолхат сияқтыны жазады.

Аманжолұлы Сәрсеннің «Мектепте ана тілді оқытудың мақсаты, оның маңызы» деген мақаласында тіл сабағының мақсаты әңгімеленеді. «Ана тілді оқу тек оқу үшін керек. Балалар ана тілдің жобаларын, қағидаларын судай жаттап

алулары шарт емес, оны іс жүзінде, тәжірибеде пайдалана алса ғана, толық білгенге саналады», - дейді автор.

Ана тілді мектептерде оқыту әдістерін зерттеп, нақты әдістемелік еңбектер берген белгілі әдіскер – Шамғали Сарыбайұлы. Ғалымның бастауыш сыныптарда «Қазақ тілін» оқыту жұмысына, орта мектеп білім алушыларына грамматикалық ұғымдарды меңгерту әдістеріне арналған еңбектерінде балалардың тілін дамытуға қатысты айтылған құнды ойлар бар.

Ш. Сарыбайұлы еңбектерінде тіл дамыту, жаңа сөздің мағыналарын білім алушыларға меңгерту, сөздік жұмысын жүргізу мәселелеріне қатысты пікірлер мол ұшырасады. Мысалы, зерттеуші өзінің «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» деп аталатын еңбегінде білім алушыларға емле ережелерін үйрету жолдарын талдау барысында жаңа сөздерді меңгерту жолдарына да тоқталады. «Ол сөздердің жазылуын меңгерту үшін, - деп жазады автор, - төмендегідей әдістерді қолданамыз:

1. Күнделікті оқыған газет, журналдарда кездестірген сөздерді тергізіп, оны күн сайын тергізіп отырамыз.

2. Сол теріліп келген сөздерді алфавит тәртібіне келтіріп жазуды тапсырамыз.

3. Кейін алфавит тәртібіне енген сөздерді сөздік ретінде алуды тапсырамыз.

4. Сөздік ретінде алынғандардың мағыналарын сөздіктерден қарап, олардың мағынасын біліп келуді тапсырамыз.

5. Ішіне сол сөздер енген сөйлемдерді толтырып жаздырамыз.

6. Оқытып жатқан грамматикалық тақырыпқа байланыстырып, мысалды білім алушылардың сөздіктерінен аламыз. Оқып отырған кітаптардағы емлесі қиын терминдік сөздердің жазылуын байқата оқытамыз, азырақ байқата отырып, кейін кітапты жапқызып, жаңағы көрген терминдерін екінші бір білім алушыға диктант ретінде айтқызып, дәптерлеріне жаздырамыз».

Ғалымның бұл пікіріне тек термин сөздерді меңгертуге ғана емес, жаңа сөздердің мағыналарын білім алушылардың сөздік қорына берік орнықтыруға, сөйтіп олардың тілін дамытуға да қатысы бар.

Бастауыш мектеп білім алушыларының сауаттылығын арттырып, тілдерін дамыту жұмыстары әңгімеленген құнды еңбек – профессор Қ. Жұбановтың редакциясымен шыққан «Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі» деген кітап. Мұнда ана тілдің мақсаты дұрыс көрсетіле келіп, «тіл ширату» жұмысына мына сияқты талап қойылады: «Бастауыш мектепті бітіріп шыққан бала ... оқығанын, естігенін қысқаша түсінікті етіп жаза алатын болсын». Онан әрі тіл ширату жұмысының түрлері (сұрақтарға жауап беру, оқығанды айту, тақырып қою, суретті пайдалана отырып сөйлеу, т.б.) қысқаша түрде аталып өтеді.

С. Жиенбаев – алғаш рет мектепте жүргізілетін тіл дамыту жұмысының ауызша, жазуша болып бөлінетін жігін ашып, оның Әрқайсысына жататын жұмыс түрлерін, бұл жұмыстардағы ой жүйесі мен сөз қолданудың мәнін көрсеткен әдіскер.

Бастауыш сынып білім алушыларының сөйлеу тілін жетілдіру тіл үйренуде ең басты міндет. Сөйлеу тілінің бірнеше стилі болады. Қазақ тілінде сөйлеу тілінің мынадай стилі бар. Ең алдымен сөйлеу стилі. Бұл – стиль жағынан өте нақышталмаған, қарапайым сөздердің күнделікті айтылуы. Сөйлеу тілімен салыстырғанда анағұрлым жоғары саналатын ақындық, шешендік, академиялық, ғылыми стиль бар. Әртүрлі жаргондар, сөздердің әдеби тілдегі айтылу нормасынан ауытқулары осы ауызекі сөйлеу стиліне жатады. Тілдің грамматикасын білу арқылы білім алушылар бір – бірімен сөйлесуді, сұрақ қоюды үйренеді. Олардың сөйлеу тілін дамыту үшін өздерін қоршаған заттарға, ортаға қатысты, қайда отыр, не көріп отыр, олар не үшін қажет деген сұрақтарға жауап беретіндей жағдай туғызу қажет. Әр сыныптың бағдарламасына қарай білім алушылар жаңа сөздер меңгереді. Мұғалім білім алушыларға жеке сөздерді жаттаумен тынбай, сол сөздерді қатынастыра отырып қазақша сөйлем құрастыруға үйретеді. Яғни білім алушы неге осылай айтамыз? Қалай айтуға болады? Дұрысы қайсы деген сұрақтарға жауап іздейді.

Білім алушылар өздерін қоршаған ортамен таныса отырып сөздік жұмысын іске асырады. Өздеріне аты белгісіз зат не құбылыспен танысқанда, оның өзімен немесе атауымен сөздік арқылы танысады. Сөз – тілдің құрылыс материалы. Ал грамматика болса сөздердің өзгеру мен сөйлем ішіндегі байланыстың заңдылығын үйретеді, қалыптастырады. Бұл заңдылықтарды білу үшін түрлі сөйлемдер, сөз тіркестері меңгеріледі.

Білім алушы ең алдымен тілдің дыбыстық құрылысын меңгеруі шарт. Ол үшін дыбыстарды дұрыс айтуға (орфоэпиясын) жаттығады. Ол мұғалімнің айтқанына еліктей отырып, қазақ тілінің фонетикасын, сөзге түсетін екпінді, интонацияны, сөздерді дұрыс оқуды меңгереді, жаттығады. Педагог білім алушыларды бірімен сөйлеу мәдениетіне, сөйлеу мәнеріне (дауыс ырғағы, өзін ұстау, сөйлеушіні тыңдай білуге) үйретуі қажет.

Білім алушылардың өздеріне айтылған сөзді тыңдай білуге, оны түсініп, сөйлесе білуі (бір – бірімен), сұрақтарға жауап беруі, сұрақ қоя білуі мұның бәрі олардың сөздік қорының тілдің грамматикалық құрылысын дұрыс меңгеруіне байланысты. Осының нәтижесінде білім алушылар бір – бірімен кезектесіп сөйлесуге жаттығатын болады.

## **ТІЛ ДАМУ ТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Бастауыш сыныпта балалардың тілін дамыту әдістемесі** тілді оқыту және оны практикалық қолдану процесі болып табылады.

**Бастауыш сыныпта балалардың тілін дамыту әдістемесі** – бұл балалардың ана тілін және сөйлеу қарым-қатынас дағдыларын меңгеруіне мақсатты педагогикалық көмек көрсету үрдісі.[3]

*Кесте 1*

### **Тіл дамыту теориясы мен әдістемесінің негізгі категориялары**



<b>Ұғым</b>	<b>Анықтамасы</b>
Тіл	адамның қарым-қатынас және ойлау қабілетін жүзеге асыру құралы болып табылады.
Тіл	тарихи қалыптасқан адамдар қарым-қатынасының нысаны.
Тіл дамыту	1) баланың ана тілін меңгеру процесі; 2) балалардың тілін дамытуға ықпал ететін мақсатты педагогикалық процесс.
Оқыту тілі	балалардың өзінің белгілі бір шеңберін меңгеруіне ықпал етудің арнайы ұйымдастырылған, мақсатты процесі-құқықтық дағдысы.
Сөйлеу функциялары	қоғамдық және жеке- адам өмірі және тарихи тілдің рөлі.
Сөйлеу дағдысы	кемелдік дәрежесіне жеткен сөйлеу әрекеті, қандай да бір операцияны жүзеге асыру.
Сөйлей білу	сөйлеу дағдыларын дамыту нәтижесінде болатын адамның ерекше қабілеті.
Технология	қандай да бір істе қолданылатын тәсілдер жиынтығы, шеберлік, өнер.
Оқыту технологиясы	оқытудың, тәрбие жұмысының, әдістерінің, тәсілдерінің, формаларының арнайы жиынтығы мен жинақталуын анықтайтын психологиялық-педагогикалық қондырғылардың жиынтығы.

*Кесте 2*

<b>Сөйлеу функциясының жіктелуі (И.А.Зимняя).</b>		
<b>Сөйлеу функциялары</b>		
<b>Әлеуметтік</b>	<b>Зияткерлік</b>	<b>Тұлғалық</b>
қарым-қатынас құралы	номинативтік	эмоциялық-мәнерлі
әлеуметтік-тарихи тәжірибе беру құралы	сигнификативтік	жоспарлаушы
реттеуші	когнитивтік	рефлексия құралы
	хабар функциясы	

**Бастауыш сыныпта балалардың тілін дамыту әдістемесінің басқа ғылымдармен байланысы**

*Кесте 3*

<b>Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту әдістері</b>
--

Философия
Анатомия және физиология
Мектепке дейінгі педагогика
Лингвистика
Психолінгвистика
Психология
Әдебиеттану

Кесте 4

### Балалардың тілін дамыту әдістемесінің теориялық негіздері

Аралас ғылымдар	Ғылыми ережелер – сөйлеуді дамыту әдістемесінің теориялық негіздері.
Философия	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тіл-қоғамдық-тарихи дамудың өнімі.</li> <li>• Тіл-адам қарым-қатынасының маңызды құралы.</li> <li>• Тіл мен ойлаудың байланысы туралы ережелер.</li> <li>• Тіл байланысы және таным процесі туралы ережелер.</li> </ul>
Анатомия және физиология	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Адамның жоғары жүйке қызметінің екі сигналдық жүйесі туралы ілім.</li> <li>• Сөйлеу аппаратының құрылысы және сөйлеу орталықтары және олардың жұмыс істеуі туралы ережелер</li> </ul>
Психология	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сөйлеу және сөйлеу әрекетінің теориясы</li> <li>• Сөйлеудің сыртқы және семантикалық (ішкі) сипаттамасы</li> <li>• Балалардың сөйлеуді меңгеру ерекшеліктері (заңдылықтары).</li> <li>• Психикалық үрдістердің даму ерекшеліктері және олардың сөйлеу байланысы.</li> </ul>
Мектепке дейінгі педагогика	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мектепке дейінгі балаларды дамытудың педагогикалық жағдайлары туралы ережелер.</li> <li>• Мектепке дейінгі балаларды оқытудың дидактикалық негіздері.</li> </ul>
Лингвистика	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйелері туралы ережелер.</li> <li>• Сөйлеу формалары туралы деректер.</li> <li>• Тіл мен тілдің өзара байланысы туралы ережелер.</li> </ul>
Психолінгвистика	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сөйлеу қызметі, оның құрылымы туралы ережелер.</li> </ul>

Әдебиеттану	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Әдебиет жанры туралы деректер.</li> <li>• Әдеби шығармаларды құрастыру туралы.</li> <li>• Мәнерлеп әдеби құралдар туралы.</li> <li>• Шығарманың мазмұны мен формасы туралы.</li> </ul>
-------------	---

Адам өмір бойы сөйлеуін жетілдіріп, тілдің байлығын игереді. Сөйлеу сөз қажеттілігінен туындайды, ал адамның мәлімдемесі белгілі бір себептермен туындайды. Сөйлеу әрекетінің бұл жағы сөйлеуді ынталандыру деп аталады.

Сөйлеу мотивациясы (мен не үшін айтамын) балаларда жарқын әсерлерге, белгілі бір іс-әрекетке деген қызығушылыққа байланысты эмоциялар болған кезде пайда болады. Сонымен, қарым – қатынас қажеттілігі сөйлеуді дамытудың алғашқы шарты болып табылады. Бірақ қарым-қатынас жалпы түсінікті белгілердің, яғни сөздердің, олардың комбинацияларының, сөйлеудің әртүрлі бұрылыстарының көмегімен ғана мүмкін болады. Сондықтан балаларға сөйлеу үлгілерін беру немесе сөйлеу ортасын құру керек. Бұл сөйлеуді дамытудың екінші шарты. Баланың сөйлеу ортасы қандай, көбінесе оның сөйлеу байлығы мен алуан түрлілігіне байланысты. Сөйлеу балаға басқа адамдармен сөйлесуге ғана емес, сонымен бірге әлемді білуге де көмектеседі. Сөйлеуді меңгеру-шындықты білудің тәсілі. Сөйлеудің байлығы көбінесе баланы әртүрлі идеялар мен ұғымдармен, оның өмірлік тәжірибесімен байытуға байланысты. Басқаша айтқанда, дамып келе жатқанда, сөйлеу тек тілдік ғана емес, сонымен қатар нақты материалды да қажет етеді. Бұл сөйлеуді сәтті дамытудың үшінші шарты.

Бала үшін жақсы сөйлеу – сәтті оқу мен дамудың кепілі. Бастапқыда бала қарым-қатынас процесінде тілді өздігінен үйренеді. Бірақ бұл жеткіліксіз, өздігінен үйренген сөйлеу қарабайыр және әрдайым дұрыс емес. Тілдің кейбір маңызды аспектілерін өздігінен үйрену мүмкін емес, сондықтан оны мектеп басқарады. Бұл, біріншіден, нормаға бағынатын әдеби тілді меңгеру, әдеби, «дұрыс», әдеби емес диалектілерден, жаргондардан ажырата білу. Мектеп әдеби тілді көркем, ғылыми және сөйлеу нұсқаларында үйретеді. Бұл материалдың үлкен көлемі, жүздеген жаңа сөздер, бұрыннан белгілі сөздердің мыңдаған жаңа мағыналары, мектепке дейінгі балалар ауызша практикада қолданбаған көптеген комбинациялар, синтаксистік құрылымдар. Мұнда білім алушыларға білім беру әсерінің жүйесі қажет, жүйелі жұмыс, нақты және нақты мөлшерлеу материалы қажет, сөйлеуді қалыптастырудағы қадамдарды сақтау қажет.

Екіншіден, білім алушылар оқу мен жазуды меңгереді. Оқу да, жазу да – бұл тіл жүйесіне, оның фонетикасын, графикасын, лексикасын, грамматикасын, емлесін білуге негізделген сөйлеу дағдылары. Жазбаша сөйлеу әрқашан ауызша сөйлеуге қарағанда қатаң. Оның фразаларды құруда, лексиканы таңдауда, грамматикалық формаларды қолдануда өзіндік ерекшеліктері бар. Жазбаша сөйлеуді игере отырып, балалар жанрлардың ерекшеліктерін игереді: сипаттамалар, әңгімелер, хаттар, газетке жазбалар, пайымдау.

Сөйлеуді дамыту мектебінің үшінші саласы – балалардың сөйлеу дағдыларын минимумға дейін жеткізу, одан төмен бірде-бір білім алушы

қалмауы керек. Бұл білім алушылардың сөйлеуін жетілдіру, оның мәдениетін арттыру.

Бастауыш мектепте оқу – бұл баланың жеке қалыптасуы мен жетілуіне, оның өзіне және айналасындағы әлемге деген жауапкершілігін дамытуға арналған қадам. Мұнда әлеуметтік-мәдени шындық балаларды мәдениеттің үнемі дамып келе жатқан проблемалық өрісіне біртіндеп батырудың шарты және әлеуметтік-мәдени тәжірибені игерудің негізі ретінде әрекет етеді. Алайда, әлеуметтік-мәдени дамудың қозғаушы күші-бұл басқа адамдардың тәжірибесін иемдену ғана емес, сонымен бірге ересек адаммен өзара әрекеттесу процесінде баланың жеке өмірлік тәжірибесін жинақтау және кеңейту.[4]

Сондықтан біздің алдымызда кіші білім алушыларды дамытудың екі жақты міндеті тұр:

1) әлеуметтік адам ретінде, яғни қоғамда өз орнын ала алатын адам ретінде,

2) мәдениетті иемденетін және оны өз қызметінде өзгертетін мәдени адам ретінде.

Бұл тұрғыда мектеп әлеуметтену институты ретінде әрекет етеді, онда баланың интеллектуалды даму процесін қамтамасыз ететін арнайы білім мен дағдыларды оқыту міндеттерімен қатар, мақсатты білім беру жүйесі арқылы жүзеге асырылатын қоғамның әлеуметтік ұстанымдары (этика, мораль, идеология) өзгеріп, дамиды. Балаға қойылатын талаптар күрделене түседі, қатайып, тұрақты болады. Бір жағынан, бұл бейімделгіш мінез-құлық формаларының күрделенуіне және өзін-өзі реттеуді жетілдіруге ықпал етеді, бірақ екінші жағынан, бұл мектептің бұзылуы деп аталатын жағдайды тудырады.

Білім алушылардың едәуір бөлігінде бастапқы әлеуметтену кезеңі соматикалық әлсіреу, психикалық процестердің жеткіліксіз қарқыны, іс-әрекеттің ерікті реттелуінің қалыптаспауы, аффективті-реттеуші, эмоционалды-коммуникативті қиындықтар, эмоционалды-адамгершілік саланың гипофункциясы салдарынан бейімделу қабілетінің әлсіреуіне байланысты қиындайды. Білім алушылардың бұл ерекшеліктері оларды қоршаған ортаның әсерінен осал етеді, балалардың өмірі алға қойған міндеттерді сәтті шешу қабілетіне теріс әсер етеді.

Осылайша, бастауыш мектеп жасындағы балалардың жеке басын қалыптастырудағы ауытқулар маңызды педагогикалық проблема болып табылады, бұл сәтті әлеуметтік-мәдени даму үшін арнайы жағдайлар жасау және бастауыш сынып білім алушыларының қиындықтарын өтеу арқылы шешуді талап етеді. Осыған байланысты музыкалық өнердің мүмкіндіктері ерекше қызығушылық тудырады.

Тілдік қарым - қатынас құралдарын қолдану адамзат қоғамының ерекшелігі болып табылады. Тіл дегеніміз-тарихи даму барысында дамыған байланыс құралдарының жүйесі.

Тіл-адамдардың еңбек әрекетінде пайда болған әлеуметтік-тарихи құбылыс. Сөздік қорын жинақтай отырып, бала оны қарым-қатынас құралы ретінде қолдана бастайды. Тіл бүкіл халық үшін бірдей, онда адамзаттың танымдық іс-әрекетінің жетістіктері бекітілген ондаған мың сөздер бар.[5]

Баланың психикасының дамуы үшін сөйлеудің алғашқы мағыналарының бірі кеңес беруші психолог Л.С. Выготский болды. Кейінірек, психологтар А. А.Люблинская, А. Р. Лурия, Н. Х. Швачкин және басқалар бұл мәселеге көптеген зерттеулер арнады. Олар баланың дамуының алғашқы кезеңдерінен бастап (өмірдің екінші жылының басынан бастап) сөз объектілердің қасиеттерін қабылдауға, олар туралы идеяларды қалыптастыруға және т.б. әсер ете бастайды.

Баланы адамзат қоғамының талаптарына бейімдеу, басқа балалармен байланыс орнату кезінде сөйлеу өте маңызды.

Сөйлеу қабілеті бар балалар ересектермен оңай байланысады.

Сөйлеуді дамытуды кешіктірген балаларды тәрбиелеу балалар тобында да, отбасында да үлкен қиындықтар туғызады. Мұндай балалардың ата-аналары мен педагогтер олардың қыңыр, ашуланшақ, көп жылайтынын, оларды тыныштандыру қиын екенін айтады. Бұл балалар жалпы ойындар мен іс-шараларға нашар қатысады, өйткені олар олардың мәнін түсіне алмайды және талаптарды түсінбейді. Демек, баланың сөйлеуді уақтылы және жақсы меңгеруінің маңызы айқын.

Соңғы жүз жыл ішінде әртүрлі мамандықтағы ғалымдар сөйлеудің шығу тегі мен табиғатын анықтау үшін көптеген зерттеулер жүргізді. Барлық еуропалық тілдер, сондай-ақ көптеген артта қалған ұлттардың тілдері зерттелді; тарихи зерттеулер жүргізілді; балалардағы сөйлеудің дамуы, оның бұзылуы, сөйлеу аппараттарының қызметі зерттелді. Осының арқасында сөйлеудің пайда болуы және оның не екендігі туралы мәселе әлдеқайда айқын болды.

Тіл білімі сөйлеуді дамытудағы алғашқы қадам қарабайыр сөздерді «индикативті» және «аталады» деп бөлу болғанын айтады. Индикативті сөздер адамдар тобының белгілерін қамтыды және басында олар ұжымдық болды (олар осында, олар сонда, біз және т.б.). Атаулардың арасында заттардың атаулары, олардың қасиеттері ерекшеленді. Қазіргі тілдерден айырмашылығы, әр сөз көптеген әртүрлі және жиі сәйкес келмейтін мағыналарды біріктірді. Сонымен қатар, онда бейнелі сипаттама, бейнелеу элементі болды. Кеңес тіл маманы П. Я. Марр ежелгі уақытта «тау», «бас», «адамдар» сияқты гетерогенді нысандар бір сөзбен көрсетілгенін атап өтті. Марр деп аталатын осындай «туфтердің» мысалдарын қазіргі мәдени тұрғыдан артта қалған тайпалардың көптеген тілдерінен алуға болады: мысалы, Австралияның жергілікті тілдерінің бірінде «ингва» сөзі түнді, ұйықтап жатқан адамдарды, су лалагүлінің жеуге болатын тамырларын және т. б. білдіреді; «мбара» сөзі тізе, қисық сүйек, өзеннің иілісі, сондай-ақ құрттар және т.б. бір сөзбен аталатын объектілердің барлық айырмашылығымен оларда ортақ нәрсе бар. Алайда, мұндай сөздерді қолданған кезде адамның нені білдіретінін түсіну олардың қимылдарын және бүкіл жағдайды ескере отырып мүмкін болады.

Көп мағыналы бейнелі ұғымдармен қарабайыр сөйлеуді зат есімдер, сын есімдер, етістіктер және сөйлеудің басқа бөліктерін ажыратумен тілдің жоғары құрылымы алмастырады. Есімдіктер ерекшеленеді: мен, сен, ол, ол. Қарапайым сөйлеу тек тиісті ортада ғана түсінікті болды және ілеспе қимылдарды қажет етті.

Енді сөйлеу неғұрлым тәуелсіз және тәуелсіз болады, бұл адамның ойлауының өсіп келе жатқан рөлін көрсетеді.

Адамдар сөйлеудің пайда болу теорияларымен таныса бастағанда, оларда әдетте сұрақтар туындайды, біз оларды осында талдауға мүдделіміз.

Неліктен адам ғана артикуляциялық сөйлеуді және дерексіз ауызша ойлауды дамытуға қабілетті болды?

Неліктен жоғары жануарлар үшін, мысалы, антропоидты маймылдар, инстинктивті дыбыстар мен қозғалыстар қарым-қатынастың негізгі құралы болып табылады?

Неліктен балалар қарым - қатынас тәсілдерімен жануарларға соншалықты жақын және олар бірнеше жыл бойы баяу сөйлейді?

Барлық үш «неге?» жауап жалғыз: бұл мидың құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты.

И. П. Павлов миды «Қоршаған ортаға бейімделу органы» деп атады. Бұл өте дәл анықтама. Шын мәнінде, ағзаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын органдар бар: өкпе газ алмасуды қамтамасыз етеді, асқазан мен ішек тамақты сіңіреді, бүйрек экскреторлық функцияны орындайды және т.б. ми дененің айналасындағы сыртқы әлеммен байланысын қамтамасыз етеді, қоршаған орта жағдайларына бейімделуге мүмкіндік береді. Сондықтан біз оны бейімделу органы деп атай аламыз [6].

## **2.БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БАЛАНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ЖӘНЕ СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Сөйлеу – бұл, ең алдымен, мидың көптеген аймақтарының үйлесімді қызметінің нәтижесі. Артикуляциялық органдар деп аталатындар тек мидан келетін бұйрықтарды орындайды.

Сөйлеудің ең үлкен бірлігі – мәтін. Мәтін – бұл белгілі бір белгілері бар сөйлеу әрекетінің өнімі, оны түсіну білім алушылардың сөйлеу қабілетін дамыту процесінде қажет.

Сөйлеуді дамыту бойынша жұмыс түрлерінің бірі – суреттер, әңгіме құрастыруға арналған суреттер сериясы. Суреттердегі әңгімелер тәуелсіз сөйлеу дағдысын дамыту үшін үлкен маңызға ие. Суреттер сериясы балаға оқиғалардың реттілігін түсінуге көмектеседі.

Әр түрлі дағдыларды қалыптастырудың маңызды шарты – баланың белгілі бір іс-әрекетке қатысуы, оған эмоционалды қабылдау, қызығушылық тудырады. Балаға тартымды – бұл оған бұрын қол жетімсіз болған белсенділік.

Бастауыш мектепте оқыту – бұл баланың өзін-өзі тануының қалыптасу кезеңі, іс-әрекеттің жаңа формаларын, әлеуметтік мінез-құлықтың әдістері мен формаларын игеру кезеңі. Бұл жағдайда екі қарама-қарсы нәтиже мүмкін:

а) баланың ішкі әлемінің жеке ерекшелігін басу және орта стандартты білім алушының қалыптасуы;

б) әр баланың даралығын дамыту және нығайту және әлемді белсенді білетін және ондағы орнын анықтайтын рухани дамыған тұлғаны қалыптастыру [7].

Қазіргі әлем адамнан тәуелсіз және жоғары мәдениетті болуды, қиын және кейде қарама-қайшылықты жағдайларды шарлауды, тәуелсіз және жауапты таңдау жасай білуді талап етеді. Әрбір жеке адамның әл-ауқаты ғана емес, сонымен бірге, сайып келгенде, жердегі тіршіліктің сақталуы да осы шеберлікке байланысты. «М. М. Бахтин жазғандай, жауапты әрекетке тек осы жалғыз және қайталанбас әлемде өзінің бірегейлігі мен бірегейлігін түсінген адам ғана қабілетті» [8].

Тіл мен сөйлеу – шындықты бейнелеудің нақты формалары.

Тіл адамның бүкіл психикалық өмірімен тығыз байланысты. Тілдің арқасында таным бар. Белгілі бір жағдайларға байланысты сөйлеуді меңгермеген балалардың жеке бақылаулары олардың сана-сезімі дамымағанын көрсетеді. Жануарлар өсірген және кейінірек адамзат қоғамына оралған балалар, сөйлеуді игергеннен кейін, сөйлеу қалыптасу кезеңіне дейін олардың жағдайын, әлемге деген көзқарасын есіне түсіре алмайды [9].

Баланың сөйлеуі айналасындағы ересектермен қарым-қатынаста қалыптасады. Қарым-қатынас процесінде оның танымдық және пәндік қызметі көрінеді. Сөйлеуді меңгеру баланың барлық психикасын қайта қалыптастырады, құбылыстарды саналы және ерікті түрде қабылдауға мүмкіндік береді. Көрнекті орыс педагогы К. Д. Ушинский туған сөз барлық ақыл-ой дамуының негізі және барлық білімнің қазынасы екенін айтты. Сондықтан балалардың сөйлеуін уақтылы дамытуға қамқорлық жасау, оның тазалығы мен дұрыстығына назар аудару өте маңызды [4].

Қазақ мектептеріндегі оқытылатын ғылым негіздері ана тілі арқылы жүргізіліп, білім алушының дүниетанымын, ой-өрісін, тіл байлығын, ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту қазақ тілінің қалыптасқан заңдылықтары арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан бастауыш сыныптарда ана тілінің заңдылықтарын жете меңгеріп, әдеби тіл нормаларында еркін сөйлеп, сауатты жаза білу міндеті қойылып отыр. Өйткені – тіл дамыту сайып келгенде ой дамыту.

Бастауыш сыныптарда жүргізілетін тіл дамыту әдістемесі – білім алушыларға білім жүйесін меңгертуге, тілге деген икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін әдіс-тәсілдері мен формалар, принциптер мен оқытудың мазмұны жайындағы ілім. Жалпы әдістеме ғылымның бір саласы.

Басқа ғылымдар сияқты тіл дамыту әдістемесі де теориялық ғылымдардың соңғы жетістіктеріне негізделе дамиды. Тіл ұстартудың ғылыми негіздері – тіл білімі, әдебиет және психология. Өйткені тіл – қоғам өмірінің объективті құбылысы, ол бүкіл халық үшін бірдей. Қай тілдің болмасын айтылуының грамматикалық және синтаксистік нормативтік ережелері болады. Мұны тіл білімі зерттейді. Ал сөйлеу – психикалық құбылыс. Ол – әр адамның өзіне ғана тән ерекшелігі. Сөйлеуде объективті шындықты осы адамның субъективті түрде бейнелеп, оған индивидтің көзқарасын білдіреді. Яғни адам тілдің көмегімен қарым-қатынас жасау процесі, сөйлеу – психологияның зерттеу объектісі болып табылады. Солай бола тұрса да, күні бүгінге дейін мектептегі тіл дамыту жұмыстарын психологиялық ғылымнан оқшау жүргізіліп келеді. Соңғы кезде

ғалымдар тұжырымдары бойынша тіл «Психология әдістеме ғылымынсыз-ақ өркендеп, өмір сүре береді, алайда әдістеме ғылымы психологиясыз дамып, жетіле алмақ емес деген тұжырымдама жасап отыр. Әдістеме толық мәнді ғылыми пән болуы үшін, ол психологиялық негізге сүйенуі қажет пікірді іс жүзінде дәлелденген.

Әдістеме теориясында тіл дамыту енді ғана қалыптасып келеді. Оның маңызы, қажеттілігі анықталғанымен, ғылыми негіздері, құралдары, мазмұны мен салалары, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын жұмыс түрлері, әдіс-тәсілдері т.б. жақтары анықталмаған.

Тіл – адамзат қоғамында қатынас, сөйлесіп пікір алысудың құралы құбылысы. Тіл мен қоғам өзара тығыз байланысты, біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. «Тілсіз ұлт құрымақ». Тіл – адамзат қоғамының өмір сүруінің қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам – тілдің өмір сүруінің шарты. Қоғамның өмір сүруі үшін, тіл қаншалықты қажет болса, тілдің дамып, өркендеуіне қоғам да соншалықты қажет [10].

Мектепте бастауыш сынып білім алушыларына Ана тілі, бүкіл ақыл-ой дамуының негізі және бүкіл білімдердің қазынасы болып келеді. Өйткені білім алушыларға ғылым негіздерінен жан жақты білім мен дағды беретін, сауатты жазу мен мәдениетті сөйлеуге төселдіріп, тіл материалын меңгертетін де осы пән.

Ана тілі пәні дұрыс жазу, сауатты сөйлеу ережелерін меңгерту үшін ғана жүргізілмейді, сонымен бірге, логикалық ойлауды дамыту үшін де қажетті құрал. Өйткені сөз дарындылығының өрістеуі ойлау логикасымен байланысты. Өз заманында «Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеуді Отандық тіл ұстазы дамытуға тиіс», - деп көрсеткен ұлы педагог К.Д. Ушинский [4].

Тіл – рухани байлықтың шыңы. Рухани болмыстың деңгейлік баспалдақтары; танымдық, қазыналық, мән-мағыналық. Тілін меңгерген адам – сара жолын сараптап, игерген адам екенін білім алушының сана-ойына жеткізу мұғалімнің құзырында, әсіресе бастауыш сынып мұғалімдері баланың санасына құйып отыру керек[11].

Р. Якобсонның болжамы бойынша балада алғашқы фонологиялық дағдылардың қалыптасуы алғашқы он – он екі айлық кезеңде басталады. Яғни, сөйлеу қабілетінің дамуына немесе оның жан – жақты дамуының бір бөлшегі ретінде қарастырса, енді біреулері (Д. Ольмстел 1971; Д. Стэмп 1969;) бала тілінің дамуын оның өзін қоршаған ортамен қарым – қатынас жасауына байланысты қалыптасатындығын дәлелдеуге тырысады. Б. Московичтің пікірінше, бала бірте – бірте айқындала түсетін дыбыстық бірліктерді айтуды үйрене бастайды, буындардан ол өз бетінше дыбыстық құрылымдар түзуге (сөздер құрастыруға) бейімделеді.

«Мектеп курсында ана тіліне байланысты оқытылатын тілдік бірліктер: дыбыс, сөз құрамы, сөз, қосымша, сөз тіркестері және сөйлем болып табылады. Сондықтан тіл дамытуды осы тілдік бірліктеріне байланысты үйрету қажет», – дейді әдіскер-ғалым А. Жаппаров.



Жалпы бастауыш мектепте ана тілді оқыту барысы жеке-жеке айқын мақсаттар көздейтін үш кезеңнен тұрады:

1. Сауат ашу, тіл дамыту (Әліппе).
2. Оқу, тіл дамыту (Ана тілі).
3. Грамматика, тіл дамыту (Қазақ тілі).

Бастауыш сынып білім алушыларының сөздік қорын, сөз мәдениетін қалыптастырып, дамытуда бағыттарға сүйеніп, жүзеге асырылады.

Жас ұрпақты тәрбиелеу ісі қоғам дамуының қай кезеңінде болмасын уақыттың талап-тілегіне сай үздіксіз жүзеге асырылып отырады. 50-60-шы жылдарда алдыңғы орынға ана тілін оқыту әдістері мен оқу үрдісіне жаңа, күрделірек мазмұн беру арқылы балалардың таным қызметін кеңейту, жетілдіру міндеттері алға қойылған.

Бастауыш сыныпта әліппе, ана тілі оқулықтарына берілетін тілдік материалдарды ғылыми тұрғыдан білім алушылардың әдеби сөздік қорын кеңейту, байыту мақсатында пайдаланылған жоқ.

Сонымен қатар, бастауыш сыныптағы ана тілінің бұрынғы оқулықтарында саясатқа баса көңіл бөлініп, ұлттық ерекшелігіміз, дәстүрлеріміз назардан тыс қалды.

Ал, бүгін жаңа бағдарлама бойынша жаңа әдіспен оқыту жолы көзделуде.

Қазіргі білім беру практикасындағы бастауыш сынып білім алушыларының үйлесімді сөйлеуін дамыту мәселесі жеке өсу, білім алушылардың оқудағы жетістігі, сапалы үлгерімі, өнімділігі және әр түрлі іс-әрекеттегі тәуелсіздігі проблемасымен қатар қарастырылуда. Бастауыш сынып білім алушыларының үйлесімді сөйлеуін дамыту білімді тиімді қабылдауға, өңдеуге, тәуелсіз зияткерлік өнімді шығаруға ықпал етеді.

Бастауыш сынып білім алушыларының үйлесімді сөйлеуін дамыту мәселесі ең қиын мәселелердің бірі болып табылады, өйткені адамның жеке психологиялық сипаттамасы бола отырып, дамудың психофизиологиялық, биологиялық және әлеуметтік жағдайларының өте күрделі өзара әрекеттесуін көрсетеді.

Тіл дамыту – бұл дәйекті, тұрақты оқу жұмысы. Тілді дамытудың өзіндік әдістер арсеналы, жаттығулардың өзіндік түрлері, тиісті техникамен қамтамасыз етілетін дағдылар бағдарламалары бар [12].

Білім алушылардың тілін дамытудағы мұғалімнің жалпы міндеттерін атап өтейік:

Білім алушылар үшін жақсы сөйлеу (тілдік) ортасын қамтамасыз ету: ересектердің сөйлеуін қабылдау, кітап оқу, түрлі бағдарламаларды тыңдау.

Білім алушылардың жеке сөйлеу мотивациясын анықтайтын сөйлеу жағдайларын құруды қамтамасыз ету, олардың мүдделерін, қажеттіліктері мен тәуелсіз сөйлеу мүмкіндіктерін дамыту, жалпы алғанда, білім алушылар үшін сөйлеу тәжірибесін қамтамасыз ету.

Білім алушылардың жеткілікті лексикалық қорды, грамматикалық формаларды, синтаксистік құрылымдарды, логикалық байланыстарды дұрыс меңгеруін қамтамасыз ету, сөздерді қолдануды жандандыру, формалардың

қалыптасуы, құрылымдардың құрылысы, сөйлеуді дамыту саласында нақты дағдылардың қалыптасуын қамтамасыз ету.

Тілді дамыту бойынша (деңгейлер: айтылым, сөздік, морфологиялық, синтаксистік және үйлесімді сөйлеу, мәтін деңгейі), оны грамматика, оқу сабақтарымен, оқылған материалмен байланыстыра отырып, үнемі арнайы жұмыс жүргізуді қажет етеді.

Сыныпта сөйлеудің жоғары мәдениеті үшін, жақсы сөйлеуге қойылатын талаптарды орындау үшін күрес атмосферасын құруды қажет етеді.

Тауда осалдар жүрмейді,  
Жығылсаң да, жықсаңда,  
Ешкім саған күлмейді.



**Дәптермен жұмыс. Рефлексия.**

**8-сабақ Ардақта ата-ананды**



## Сөз құра, тез құра!

Төмендегі суреттердің атын атап, алғашқы әріптерін біріктіру арқылы сөз құраңыздар.



*Түсініп оқып, жадыңызда сақтаңыз*

### Ардақта ата-ананды

Ата-анасыз өмір жоқ, яғни адам жоқ. Демек, бала – ата-ана өмірінің жалғасы.





Әсіресе, тіршіліктің қайнар көзі, махаббаттың шуақ күні, мейірімнің кәусәр бұлағы – Ана есіміне қатыссыз дүниеде қасиетті ештеңе жоқ. Сондықтан Ананы ардақтамайтын халық та жоқ.

Бала, бала, бала деп,  
Түнде шошып оянған.  
Түн ұйқысын төрт бөліп,  
Мұзды бесік таянған.



1. Сіз ата-анаңызға қандай көмек бересіз?
2. Ананы ренжітуге бола ма?
3. Анаңызға қандай сыйлық жасағыңыз келеді?



*Мақалды жалғастырып айтып, мағынасын ашыңыздар.*

- Ағайын – алтау,  
Ана – ... .
- Шешеге қарап ..... өсер,  
Әкеге қарап ..... өсер.
- Баланың ұяты – ... ,  
Қыздың ұяты – ... .

**Дәптермен жұмыс. Рефлексия.**

**9-сабақ**

***Өсімдіктер қалай өседі?***



**Қызықты дерек!**

***Өсімдіктер қалай өседі?***

Жер бетіндегі өсімдіктердің түрі өте көп. Оның Ішінде бір жылдығы да, көп жылдығы да бар. Мысалы, ағаштарды алайық. Ағаштар көп жыл өмір сүре алады. Жыл сайын оның бойы ұзарып, діңі жуандайды. Жүз жыл өскен еменге қарағанда, екі жүз жыл өскен емен едәуір биік, әрі жуан, бұтақтары да көп болады. Ағаштардың жасын көбінесе оны кесіп алғаннан кейін





діңдегі шеңберлерге қарап ажыратады. Шеңберлер кесілген жерден анық көрінеді. Бір шеңбер ағаштың бір жасын білдіреді екен.



(Балдырған журналынан)



- Табиғат дегеніміз не?
- Өсімдіктердің қандай пайдасы бар?  
Табиғатты қорғайық!



Суреттегі жемістердің атын атап, олардың пайдасы туралы шағын әңгіме құраңыздар.



**Сөздерді жылдам оқимыз!**

ШАҒА

ЙАРҰҚҢАТ

СІМЕЖ

ЙАҒАРАҚ

КІДМІСӨ

ТАҒИБАТ

ҚАТНАЖ

ТРҰМЛА

**Дәптермен жұмыс. Рефлексия.**

## **10-сабақ**      **Бұлан**



**Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.**

### **Бұлан**

Балбұлақтың басына,  
Бір бәйтерек қасына.  
Бұлан, Бұғы келіпті,  
Бір-біріне кейіпті.

Бұлқынса да бір ауық,  
Бұлан бойын билепті:  
«Бекер бақас болмайық,  
Бұғы, бүйтпе, біл», – депті.



«Бауырмыз ғой біз», – депті.  
Бәрін байқап балақай:  
«Білдім, – депті, – алақай! –  
Бұлар бір үй баласы,  
Басу айтқан, шамасы,  
Бұлан – Бұғы ағасы».

(Балдырған журналынан)



### Қызықты дерек!

#### **Бұлан**

Бұлан – Қазақстандағы бұғылар тұқымдасына жататын ең ірі сүтқоректі, тұяқты жануар. Шоқтығының биіктігі 2 метрге жетеді, салмағы 600 килограммдай. Түсі қыста қара қоңыр, жазда қоңырқай, басы, аяғы ақшылдау. Қазақстанда Жайық өзен аңғарындағы ормандарда, солтүстік облыстардың ормандарында және шығыста Ертіс бойы мен Алтайда кездеседі. Наурызымдағы қарағай ормандары мен шоқ ормандарда кездеседі. Аталықтарында үлкен күрек тәрізді мүйіздері болады, аналықтарында мүйіз болмайды. Жазда шөппен, қыста бұтақ, ағаш қабықтары және бұталарымен қоректенеді.

(Балдырған журналынан)



– Бұлан туралы тағы да қандай мәліметтер білесіздер?

– Тағы қандай алып жануарларды танысыздар? Олар туралы мәлімет іздеңіздер.



«Жалғастыр» ойыны. Жабайы жануарларды жалғастырып айту.

Арыстан, ...

#### **Жұмбақты шешіңіздер.**

Үстім жолақ  
Тісім - орақ  
Күшім мол - ақ,  
Барып тұрған қайсармын.  
Өзің айтшы, қайсы аңмын

(...)

**Дәптермен жұмыс. Рефлексия.**

**11-сабақ** Бұлт өзеннен су алса ғана жауады. С. Ақаев



**Ребусты шешіңіздер.**

’ ’ ’



**Б**

’ ’



**Мәтінді түсініп оқыңыздар.**

### **Бұлт өзеннен су алса ғана жауады**

Біз көріп жүрген, кейде сіркіреп, кейде нөсерлеп жауатын жаңбыр қайдан шығады? Кейбір балалар аспаннан, аспанның арғы жағынан келеді деп ойлауы да мүмкін.

Тау қойнауындағы, дала төсіндегі күндіз – түні тынбай ағып жататын балауса бұлақтар, үлкен өзендер түбінде қайда барып құяды деп ойлайсындар? Байқасақ, ол сулардың біразы егісті суарғанда жерге сіңіп, жер астындағы су арқылы буланады. Бұлтқа айналып, сонан соң жаңбыр болып жерге қайта жауады екен.

Бабаларымыздың! «Бұлт өзеннен су алса ғана жауады» – деуі де содан болса керек.

*С. Ақиев*



–Мәтіннен не түсіндіңіздер?

–Жаңбыр жауғанның қандай пайдасы бар?

–Жаңбыр туралы, оның пайдасы туралы қандай мақал-мәтелдер білесіздер?



**Мақалды жалғастырып айтыңыздар.**

➤ Сөз сағасы – құлақ,

Су сағасы – .... .

➤ Судың да .... бар.

➤ Бұлақ көрсең ... аш .

**Дәптермен жұмыс. Рефлексия.**

**12-сабақ** Арша ағашы



## Жаңылтпашты жаттап, жаңылмай айтайық!

Аршабек арша деп шыршаны,  
Шыршабек шырша деп аршаны.  
Шатасты күлдіріп баршаны,  
Шырша деп, арша деп шаршады.

### Қызықты дерек!

#### *Арша*

Өсімдіктер әлеміндегі ерекше ағаштардың бірі – арша. Ол мәңгі жасыл күйін сақтайды. Бұтағы тік өседі.

Арша көп жыл жасайды. Сондықтан оны киелі ағаш дейді.



- Арша ағашы қай жерлерде өседі?
- Арша ағашы не себептен мәңгі жасыл күйін сақтайды деп ойлайсыздар? Жұптасып ойыңызды дәлелдеңіз.
- Арша ағашының емдік қасиетті туралы не білесіздер?




### «Сөйлемді толықтыр!» ойыны

Балалар ауладағы аршаларға су құйып жатыр, себебі ...  
Ағаштарда бір жапырақ қалмады, өйткені ...  
Аю қыста ұйықтайды, себебі ...



### Табиғатқа байланысты сөздерді тізбектеп айтыңыздар.



Дәптермен жұмыс. Рефлексия.

**13-сабақ** Суда өсетін ақ маржан



## **Жұмбақ өлеңді шешіңіздер.**

### СУДА ӨСЕТІН АҚ МАРЖАН

Бидайға ұқсас масағы,  
 Біраз жалғыз қатарлы.  
 Дән – қауызы тізілген,  
 Нәзік мұртша – шашағы...

Теңер маржан, күміске ел,  
 Дәнді, нәрлі, ырысты ол.  
 Суда көктеп,  
 Жерде өнер,  
 Бұл дақылды ... дер.



(...)



- Бұл дәнді дақыл туралы қандай мәлімет білесіздер?
- Ыбырай Жақаев туралы естігеніңіз бар ма?
- Жұмбақ өлеңнің ішінен түбір сөздерді атаңыздар.

Балалар, негізгі түбір сөзді талдаймыз.

**Үлгі:**

1. Бұл сөз бір құрамнан тұр: **күріш**.
2. Тұлғасына қарай – күріш – **негізгі түбір**. Себебі, сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін мағына беретін негізгі бөлігі.
3. Құрылысына қарай – **дара**. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.



## **Білгеніміз артық болмас!**

### **Екпе күріш**

*Күріш* – астық тұқымдасына жататын бір немесе көп жылдық өсімдік. Дүние жүзінде күріштің 20-дан астам түрі бар деп есептелген. Негізінен Оңтүстік-Шығыс Азия, Африка, Америка, Австралияның тропиктік және субтропиктік аймақтарында өсіріледі.

Біздің заманымыздан бұрын 1 ғасырда қалыптасқан Қытайдан басталатын атақты «Жібек жолы» Қазақстандағы Сырдарияның жағасындағы ірі мәдениет және сауда орталығы – Отырар қаласына келіп тірелетін. Ол кезде Отырар қаласы маңындағы халық егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысқаны белгілі.

Бұл деректер Күріштің Сыр бойына өте ертеде келгеніне дәлел бола алады. Қазақстанда аса маңызды азық-түліктік дақыл – екпе Күріш – Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарындағы Сырдария, Іле және Қаратал өзендерінің аңғарында егіледі.

Оның биіктігі 60 – 150 см, бір жылдық өсімдік. Шашақты тамыры болады (70 – 80 см тереңдікке дейін кетеді). Жапырақ саны сабақ буындары санына сәйкес келеді, бұл Күріштің сорттық қасиетін көрсетеді. Гүлшоғыры – сыпыртқы тәрізді, масағы бір гүлді. Гүлдері екі қабат – жоғарғы жағында аналық, төменгі жағында аталық гүл орналасады. Күріш өздігінен, кейде айқас тозаңданады. Сорттына байланысты вегетация кезеңі 90 – 130 күн, жылуды, суды көп қажет етеді. Күрішті егуден 5 – 6 күн бұрын тұқымын күнге қыздырып, 2 тәулік жылы суда жібітеді, тұқымды себу алдында кептіреді.



- Күріштің қандай түрлерін білесіздер?
- Күріштен қандай тағамдар жасалады?
- Оның пайдасы қандай?



Мәтін ішінен түбір сөздерді тауып, талдау жасаңыздар.

### Дәптермен жұмыс. Рефлексия.

### 14-сабақ Балдырған журналы туралы



Төмендегі сөзжұмбақты дұрыс шешкен кезде, ортадағы тік торкөзден сүйікті балалар журналының атын оқи аласыздар.



1. Аюдың жақсы көрген тамағы.
2. Білім алушы құралы.
3. Айлакер аң.



4. Адамдарды емдейтін мамандық.
5. Жыл мезгілі.
6. Мұнайлы астана.
7. Құс.
8. Жеміс.
9. Қасиетті тағам.



### Сен білесің бе?

– «Балдырған» – қазақ балалары баспасөзінің көш басында тұрған журнал. 1958 жылдың шілде айынан бастап шығып келеді. Содан бері 63 жылға жуық уақыт өтті. 1958 жылы осы журналды ашып, бас редакторы болған белгілі ақын, Қазақстанның халық жазушысы Мұзафар Әлімбаев еді. Мұзафар ағамыз журналды 28 жыл, 3 ай, 15 күн басқарыпты. 1986 жылы еңбек демалысына шығып, «Балдырған» журналының тізгінін Тұманбай Молдағалиевке тапсырып кетті. Тұманбай ағамыз журналды 25 жыл басқарды. Өмірінің соңына дейін журналда қызмет етті. Ал өзім осы журналды басқарып келе жатқаным 10 жылға жуықтап қалыпты, - дейді "Балдырған" журналының бас редакторы Дүйсен Мағлұмов.

[baribar.kz](http://baribar.kz)



- «Балдырған» журналы туралы қандай мәлімет білесіздер?
- «Балдырғаныңа» жазыл, балақай!

### Дәптермен жұмыс. Рефлексия.

### 15-сабақ Домбыра – кең таралған ұлттық музыкалық аспап



#### Жұмбақтың шешуін табыңыздар.

Ұзын мойын,  
Екі ішек,  
Қатар-қатар тепкішек,  
Басып көрсең бір-бірлеп,  
Үн шығады күмбірлеп.

(.....)



- Жұмбақтың шешуіндегі зат туралы не білесіздер?
- Сол сөзге **-шы, -ші, -гер** қосымшаларының тиістісін жалғап айтып көріңіз. Не байқадыңыздар? Сөздің мағынасы өзгерді ме?

Сөздің түбіріне жалғанғанда, оның мағынасын өзгертетін қосымшаларды **жұрнақ** дейміз.

Балалар, жұрнақ арқылы жасалған туынды сөзді сөз құрамына талдауды үйренеміз!

**Үлгі: Домбырашы**

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: **домбыра+шы**.

2. Тұлғасына қарай:

а) Домбыра – **негізгі түбір**. Себебі, сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін мағына беретін негізгі бөлігі.

ә) Домбырашы – **туынды түбір**. Себебі, негізгі түбірге сөз тудырушы (**-шы**) жұрнағының жалғауы арқылы жасалған туынды сөз.

3. Құрылысына қарай – **дара**. Себебі, бір ғана туынды түбірден тұр.



**Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.**

### **Домбыра - кең таралған ұлттық музыкалық аспап**

Домбыра – қазақ халқының өте ерте және кең тараған, нағыз табиғи ұлттық музыкалық аспабы. Көне Шумер тілінен аударғанда «кішкене садақ» деген мағына береді.

Алматы облысы, Жамбыл ауданы аумағынан шамамен 2,5 ғасыр бұрын табылған таста қашалған суреті мен 16 ғасыр бұрын Мысыр еліндегі Нахт қабіріне салынған пішінінен еш өзгермеген. Қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап ішекті, шертпелі аспаптар тобына жатады.

Аспап әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып жасалады. Тоғыз, он бір, он төрт, жиырма төрт пернесі болады. Күй арнайы құлақтарымен келтіріледі. Аспап үні қоңыр, құлаққа жағымды әрі жұмсақ болып келеді.

Домбыра – сан ғасырлардан бері сырын сақтаған, қазақ даласында кеңінен танымал аспап. Дегенмен домбыра әр аймақта әр түрлі болып келеді. Солтүстік, орталық, оңтүстік аймақтарда домбыра көлемі шағын, жеті-тоғыз пернелі болса, Батыс Қазақстан аумағында кездесетін домбыра шанағы жұмыр, мойны ұзын, он екі, он төрт пернелі болып келеді.

*(«Сен білесің бе?» энциклопедиясынан)*





- Ән, әуен, жырдың өмірде алар орны және пайдасы қандай?
- Төмендегі музыкалық аспаптардың атын атаңыздар.
- Музыкалық аспаптарды пайдаланатын және күй орындайтын адамды кім деп атаймыз?



Күйші, жыршы, қобызшы сөздерін жоғарыдағы үлгіні басшылыққа алып, ауызша талдаңыздар.

Дәптермен жұмыс. Рефлексия.

### 16-сабақ Шоқан Уәлиханов туралы



Ребусты шешіңіздер.



**Р**



**”**

**ШІ**

– Ребустың шешуіндегі сөздің түбірі мен қосымшасын табыңыздар. Сұрақ қойыңыздар. Не байқадыңыздар?



Туынды зат есімді сөз құрамына талдау.

Үлгі: *Суретші*

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: сурет+ші.

2. Тұлғасына қарай:

а) **сурет** – **негізгі түбір**. Себебі, сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін мағына беретін негізгі бөлігі.

ә) **суретші** – **туынды түбір**, себебі, негізгі түбірге сөз тудырушы (**-ші**) жұрнағының жалғануы арқылы жасалған туынды сөз.

3. Құрылысына қарай – **дара**. Себебі, бір ғана туынды түбірден тұр.

4. Суретші – **кім?** деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл- **зат есім**. Зат есім дегеніміз- **кім? не? кімдер? нелер?** деген сұрақтарға жауап беріп, заттың, нәрсенің, құбылыстың, деректі, дерексіз ұғымдардың атауын білдіретін сөз табы.

5. Мағынасына қарай: а) **Жалпы есім**. Себебі, біркелкі деректі ұғымның жалпылай аталуы.



**Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.**

### **Шоқан**

Шоқан Уәлихановтың шын есімі – Мұхаммед – Қанапия. Шоқан – анасының еркелетіп қойған аты. 1835жылы қараша айында Құсмұрын бекінісінде туған. Ол балалық шағын әуелі Құсмұрында, содан кейін өзінің атамекені Сырымбетте өткізген. Сырымбет – Солтүстік Қазақстандағы тарихи аңызға айналған сұлу өңір.

Шоқан: суретші, ғалым, этнограф, тарихшы, географ, зерттеуші болған. Шоқанның әкесі – Шыңғыс Уәлиханов, атақты Абылай ханның немересі, Орта жүздің соңғы ханы – Уәлидің бел баласы болған. Шешесі – Зейнеп, Баянауылдағы қаржас руының әйгілі биі – Шорман бидің қызы еді. Шоқан – титтейінен алғыр, зейінді болып өсті. Тілі де ерте шығып, зеректігімен көзге түсті. Әсіресе ол сәби шағынан үлкендердің әңгімесіне ерекше қызығушылық танытар еді. Әкесі – Шыңғыс аға сұлтан болғандықтан, олардың ордасына ат басын бұрар қонақ көп. Әсіресе ел билеушілерден басқа, ескі әңгімелерді мол білетін құйма құлақ қариялар, сөзден өрнек өретін шешендер де баршылық. Үлкендердің қасында тапжылмастан шоқиып отырып әңгіме тындайтын баланы ата-анасы: «Шоқығаным, Шоқаным», – деп еркелетеді екен. Содан ел оны Шоқан деп атап кеткен.

(«Сен білесін бе?» энциклопедиясынан)




- Мәтіннен не түсіндіңіздер?
- Шоқан туралы тағы қандай мәлімет білесіздер?
- Мәтін ішінен туынды зат есімдерді атаңыздар.

Кел, ойнайық!

Қоянға өз үйшігіне аман-есен жетуіне көмектесейік!

**Шарты:** Берілген түбір сөздерге тиісті жұрнақтарды жалғап, туынды зат есім құрау. Туынды зат есімдерді сөз құрамына талдау жасау.



Дәптермен жұмыс. Рефлексия.

**17-сабақ**

**Кім болам?**



Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

### Кәсіби мерекелер

Атам менің:  
«Көктеп өс!... –  
Деп айтады көп кеңес:  
Кәсіп деген –  
Адамның,  
Нәсібі, – дер, – шектелмес...»

Жиі айтады:  
«Елеулі,  
Ер еңбекпен!...» дегенді...  
Атамша айтсам, әр адам –  
Ашылмаған кен орны...



Меніңше,  
Еңбек – тасыну,  
Ел дәулетін асыру...  
Мерекелер кәсіби –  
Ер еңбекке бас ию!..



Өтепберген Ақыпбекұлы



– Өлеңнен не түсіндіңіздер?  
– «Кәсіп деген – адамның нәсібі» - дегенді қалай түсіндіресіздер?

- Қай мамандық сізге ұнайды?
- Болашақта кім болғыңыз келеді?



### Жұмбақтарды шешіңіздер!

- Мектептің жүрегі,  
Білімнің тірегі. ( ... )
- Сауықтырар сырқатты,  
Жылы үнмен тіл қатты. ( ... )

«Дәрігер - арыстандай айбатты, қыздай икемді, анадай мейірімді болуы керек»

*Гиппократ*



### Сурет бойынша мәтін құраңыздар.



Дәптермен жұмыс.  
Рефлексия.

**18-сабақ** Асыл шөп. *Ыбырай Алтынсарин*

## «Ойлан тап!»

**Ескерту!** Торкөздерде қай әріп қандай таңбамен өрнектелгеніне назар аударыңыздар. Содан соң төменде берілген таңбалар тізбегіне сәйкес келетін әріптерді орындарына қойып оқысаңыздар, керемет мағыналы мақал шығады.

С	А	Б	Р	Ы	І	Г	Қ	Л	Е

- 
 







 .



Мақалдың мағынасын түсіндіріңіздер.

Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

## Асыл шөп

Злиха мен Бәтима деген біреудің қызметінде тұрған екі қыз бала, төбесіне бір-бір жәшік жеміс көтеріп, қалаға келе жатыпты-мыс. Злиха аһлап-үһілеп, шаршадым деп, Бәтима күліп, әзілдеп келе жатады. Сонда Злиха айтты:

-Сен неге мәз болып қуанып келесің, төбендегі жәшіктің ауырлығы менің басымдағыдан кем емес, өзің де менен күшті емессің?

-Мен жәшігімнің ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым, – деді Бәтима.

-Ай, ондай болса, шөбіңнің атын айтшы, мен де ауырымды жеңілдетейін, – деді Злиха.

-Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты «Сабыр» деген, – деді.

*Ыбырай Алтынсарин  
(Төл әңгімелерінен).*



– Мәтіннен не түйінденіңдер?

– «Сабырлы адам» қандай болуы керек деп ойлайсыңдар?

Төмендегі суреттерден нені ұғынуға болады? Суреттер бойынша әңгіме құрап, өз ойларыңызды ортаға салыңыздар.



**Мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп, жаттап алыңыздар.**

- Сабын кірді ашады,  
Сабырсыз сырды ашады.
- Сабырсыз қалар ұятқа.
- Сабыр тасты да талқандайды.
- Сабыр түбі – сары алтын.
- Сабырлы адам сақтанып сөйлер,  
Сабырсыз адам мақтанып сөйлер.
- Сабырлының бағына алма бітер,  
Сабырсыздың бағына Қауа бітер.

Дәптермен жұмыс.

Рефлексия.

**19-сабақ**

**Екі түрлі кітап.** *Мұхамеджан Етекбаев*



## «Сөз құра, тез құра!»

**М, І, Д, Ә, Н З, Ө, С**



- «Көп сөз – көмір,  
Аз сөз – алтын» – дегенді қалай түсінесіздер?
- Көп сөйлегеннің пайдасы бар ма?



*Мысал - ертегіні түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.*

### Екі түрлі кітап

Бір жолаушы келе жатып екі кітап тауып алды. Кітаптың бірі үлкен, қалың, екіншісі кішкене, жұқа екен. Қуанған жолаушы екі кітапты қолына алады. Байқаса, үлкен кітап қаңбақтай жеп-жеңіл, кішкене кітап батпандай ауыр. Жолаушы аң-таң болып, тағы салыстырып көреді. Шынында, солай. Неге олай екендігін түсінбеген жолаушы екі кітапты қоржынына салып алып, тау бөктеріндегі бір ауылға келеді. Ол жерден бір ақсақалды кездестіріп, жағдайын айтады. Жан-жақтан басқа адамдар да келіп қалады. Олардың алдында қария екі кітапты таразының екі басына салып өлшегенде, таразының кіші кітап тұрған жағы басып кетеді:

– Бұл екі кітаптың жағдайын мен түсіндіріп берейін, – дейді отағасы жолаушыға бір, жиналғандарға бір қарап:

– Бұл кішкене кітаптың ішінде ақылдының асыл сөзі ғана бар. Ол сондықтан батпандай ауыр. Ал мына үлкен кітаптың іші толған бос мылжың сөз. Сондықтан ол өте үлкен, қалың болса да жеп-жеңіл. Мағынасыз бос сөзде салмақ болмайды, – деді ақсақал көпшілікке.

*Мұхамеджан Етекбаев*



- Мәтіннен қандай ой түйдіңіздер?
- Мағыналы, мәнді сөйлеуге үйренейік!

## Мақал – сөздің мәйегі



**Мақал-мәтелдердің жалғасын табыңыздар.**

- Жылы-жылы сөйлесең,  
..... .
- Сөз қадірі – өз ... .
- Жақсы сөз – жан ... .



**«Қадамдар. (Кім тез жетеді...)» ойыны.**

Шарты: әдепті сөздерді атайды, әр әдепті сөзді айтып бір адым жасайды. Кім мәреге жетсе, сол білім алушы жеңімпаз болады.

**Дәптермен жұмыс. Рефлексия.**

### **20-сабақ** Бүркіттің төрелігі



**Жұмбақ шешіп көрелік!**

Биікте ұшып жүреді,  
Елік, қоян бүреді.  
Қия таста ұясы  
Бұл құсты кім біледі? ( ... )



- Құстардың қандай түрлерін білесіздер? Олар туралы қандай мәліметтер бар?
- Құстардың қандай пайдасы бар?



**Мысал - ертегіні түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.**

**Бүркіттің төрелігі**



Бірде таудың бір терең шатқалында аңдар мен құстар жиналып қалады. Барлығы аң патшасы Арыстанды күтіп отырады. Бір мезгілде өзара әңгіме қызады. Әр жануар өзінің бойындағы жақсы қасиетін мақтан етіп айта бастайды.

Бір кезде Қырғи мен Қабылан айтысып қалады. Қырғи өзінің аспанда өте тез ұша алатындығын айтады.

– Сен аспанда тез ұшсаң, біз жерде жақсы жүгіреміз, – дейді Қабылан.

– Мықты болсаң жерде жүгіріп көрші!

Қырғи сөзден тосылып, кідіріп қалады. Аздан соң барып:

– Сен мықтымын деп мақтанба! Мықтылығыңды көрелік, кәне, біз сияқты аспанда ұшып көрші!

Бұлардан басқа да аңдар мен құстар қыза сөйлеп жатты. Біреулері өздерінің жүйріктігін мақтан етсе, екіншілері өнерлеріне мақтана, өркөкіректене сөйлейді. Бірін-бірі: «Сен ананы білмейсің, мен білемін!» деп қағытып, кемсітіп те өтеді.

Бағанадан бері бұлардың сөздерін үнсіз тыңдап отырған кәрі Бүркіт бір мезгілде басын көтеріп:


– Былай қарағанда барлықтарыңдікі де дұрыс сияқты. Әрқайсыларыңда табиғат сыйлаған өнерлерің бар. Бірақ сен бәленсің, сен түгенсің деп пендешілікке салыну дұрыс емес. Естеріңде болсын: нені білсең – сол оңай, нені білмесең – сол қиын. Неге сонша қызыл кеңірдек боласыңдар, – деді көпшілікке шола қарап.



- Мысал – ертегіде не туралы айтылған?
- Адамдардың қандай мінез-қылығы сыналған?
- Өмірде дәл осындай адамдарды кезіктірдіңіз бе?
- Қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?



**Адам бойындағы жақсы қасиеттерді топтастырыңыздар.**



**Сурет бойынша мәтін құраңыздар.**





Дәптермен жұмыс.  
Рефлексия.

## 21-сабақ



### Қанағат – ол да бір дәулет

Төменде берілген суреттерді атап, сөздердегі буындарды біріктіру арқылы сөз құраңыздар. **Шарты:** Бірінші суреттің бірінші буынын, екінші және үшінші суреттердің екінші буындарын біріктіру арқылы сөз құрау.



– Құрастырған сөздің мағынасын қалай түсінесіздер?



Түсініп оқып, көкейіңізге тоқыңыз.

### Қанағат – ол да бір дәулет

Қанағат – әділеттіктің басты белгісі және негізі. Ол – адамның сана- сезімі мен іс-қимылындағы жақсы әдет. Қанағатты әдетке айналдырған адам өмір бақи ізгілігін көреді. Өйткені ол адамшылық жолдан тайдырмайды, аздың өзіне қанағат қылдырады. Қанағат ашкөздікке жібермейді, біреудің дүние –затына сұқтандырмайды. Сондықтан қанағатшыл кісі жұмсақ, кішіпейіл де қарапайым болып, көптің құрметіне ие болады.



1. Мәтіннен не түсіндіңіздер?
2. Қанағат сөзін тағы қалай атауға болады?
3. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді санамалап айтып беріңіздер.

Тақырыпқа байланысты ой толғаңыздар.

Жақсы қасиеттер	Жаман қасиеттер

Дәптермен жұмыс. Рефлексия.

**22-сабақ**

### Тәлім өлең



**Тәлім өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.**



Айтайын біраз тәлім балаларға,  
Қыран мен жолдас болмас қара қарға.  
Теңімен сыйласа біл таңдап тауып,  
Өмірде дос жарансыз дара қалма.  
Орнына өнер - білім дәмін тату,  
Жастарға жараспайды қарап жату.  
Бүгінгі күнді оқумен өткізбесең,  
Ертеңгі күнге қиын жауап қату.  
Айта біл өлеңіңді өрнекпенен,  
Жақсыны бір ғанибет көрмек деген.  
Қонар бақ, ер жігітке бітер дәулет  
Ақ, адал елге еткен еңбекпенен.  
Шықпайды жерге егін екпесеңіз,  
Келмейді арман өзі жетпесеңіз.  
Көнбейтін дұрыс іске жан болмайды,  
Абайлап ақылменен ептесеңіз.  
Ауылдың қайда екенін жол біледі,  
Ауыздың қайда екенін қол біледі.  
Білмейді өмір сырын көп жасаған.  
Көп оқып, кім көп көрсе сол біледі.



– Тәлім өлеңнен не ұқтыңыздар?



– «Көп оқып, кім көп көрсе сол біледі» – деген өлең тармағын қалай түсінесіздер?

**Әр қатардағы артық сөзді тауып, сол сөздерді қатыстырып сөйлем құраңыздар.**

- Қараша, желтоқсан, кітап, қаңтар.
- Әдептілік, бесік, адамгершілік, имандылық.
- Батырлық, батылдық, әдеп, өжеттілік.



**Қағида өлеңді түсініп оқып, санаңызға тоқыңыз.**

### Бес бақыт

- 1- Астыңдағы атың жүрдек болса,  
Жалғанның пырағы.
- 2- Алған жарың жақсы болса,  
Үй- ішің мен достарыңның тұрағы.
- 3- Әкең асқар тау.
- 4- Шешең қайнар бұлақ
- 5- Балаң жақсы болса,  
Екі көзіңнің шырағы.



**Дәптермен жұмыс.**  
**Рефлексия.**

## **23-сабақ**

### **Талапсыздық – адамзаттың қас жауы**



**Ертегіні түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.**

#### **Үш жалқау**

Ертеде бірінен-бірі өткен ағайынды үш жалқау болыпты. Бар бітіретіндері бас көтермей ұйықтай беру екен. Бірде үшеуі жолға шығады. Тоғай арасына келгенде, мәуелі ағаш көлеңкесіне қисая кетіпті.

Бірінші жалқау:

Е...күдай, мына өріктер піссе, – депті.

– Екіншісі: «ауызға келіп түссе», – депті. Сонда үшіншісі оларды міней сөйлеп:

– Туу, соны айтуға қалай ерінбейсіңдер, – депті.

*(Қазақ халық ертегілері кітабынан)*



- Ертегіде адам бойындағы қандай қасиет баяндалған?
- Ертегінің тақырыбын тағы қалай атауға болады?
- Тақырыпқа байланысты қандай ертегілер, мақал-мәтелдер білесіздер?
- Еңбекқор және жалқау адам көрінісін қалай сипаттайсыздар?
- 



**Мақалды дұрыс ұйқастырып айтыңыздар.**

Еңбексіз іс бітпейді,

Қол батыр.

Көз қорқақ, Жалқаудың жаны тәтті.  
Еңбектің наны тәтті, Еріншектің қолы жетпейді.



**Қағида өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.**  
**Жеті нәрседе қасиет жоқ**

- 1- Өзімшіл, озбыр адамда қасиет жоқ.
- 2- Әділетсіз басқарған заманда қасиет жоқ.
- 3- Сертінде тұрмаған доста қасиет жоқ.
- 4- Талапсыз болса ерде қасиет жоқ.
- 5- Құры сәнқой бойда қасиет жоқ.
- 6- Парамен кесім айтқан биде қасиет жоқ.
- 7- Жеңіске жетпеген күресте қасиет жоқ.

**Дәптермен жұмыс.**  
**Рефлексия.**

## 24-сабақ

### Жібек құрты. А. Байтұрсынұлы

Төмендегі суреттердегі жәндіктердің қайсысы адам баласына пайда келтіреді деп ойлайсыздар?



**Мәтінді түсініп оқыңыздар.**

#### Жібек құрты

Жібек құрты жібегін иірді. Өрмекші өрмегін иірді. Өрмекші жібек құртына:

– Жұмысты сылбыр істейсің, – деп күлді. Бері қара, мен қанша иірдім!, – деді.

Жібек құрты айтты:

– Рас, өрмегің ұзын, оған таласпаймын. Бірақ өрмегіңді текке де алмайды. Менің жібегіме алтын төлейді ғой.

«Жосықтың көбінен - асылдың азы артық».

*А. Байтұрсынұлы*



Мәтіннен не түсіндіңіздер?

Мақалдың мәнін түсіндіріңіздер.




**Мақалды жалғастырып айтыңыздар.**

- ❖ Еңбек өмірді ... ,  
Ұят бетті ... .
- ❖ Бейнет,  
Бейнет түбі .... .



**Бал арасы мен өрмекші жәндігін салыстырыңыздар.**



**Дәптермен жұмыс.  
Рефлексия.**


## 25-сабақ



**Атамнан қалған сан мұра**

**Сөзжұмбақты шешіңіздер. Шешуіндегі сөз туралы не білесіздер?**

*Сөзжұмбақты шешу үшін, төменде берілген жұмбақтарды ретімен шешіп, торкөзге жауабын жазыңыз.*



1. Суға батпайды, Отқа жанбайды. Айнымайды шыныдан, Қорқады тек жылыдан.	2. Басып озып құсты, Қанатын қақпай ұшты.
3. Мамықтай ұлпа, Қанттай аппақ,	4. Бір тілім болып туады, Күннен күнге толады.

Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады.	Дөп-дөңгелек болады.
--	----------------------



**Мәтінді түсініп оқып, көкейіңізге тоқыңыз.**

### **Атамнан қалған сан мұра**

«Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, халық атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келесі ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелейді.

Ата дәстүр бойынша ең әуелі әкені, содан соң атаны, ата-бабаны құрметтеп, солардың алдында ұрпақтық борыштарды өтеу – кейінгі ұрпақтың міндеті. Ол ұрпақтық борыштар: ананың ақ сүтін, еңбегін өтеу, ата дәстүрлерін құрметтеп, адамгершілік қағидаларды қалтықсыз орындау болып табылады.

Ата дәстүрі бойынша әрбір ұрпақ, ең азы жетінші ата-бабасына дейін аталарының аты-жөнін біліп, олардың жақсы қасиеттерін, өсиет-өнегелерін өзіне үлгі ұстауы тиіс.



– «Жеті атасын білмеген жетесіз» – дегенді қалай түсіндіресіздер?

– «Әке – шаңырақ иесі, Шеше – отбасы ұйытқысы» – деген мақалдың астарында қандай құнды ой жатыр?

– «Мұра», «Мұрагер» – деген сөздерді қалай түсіндіруге болады?



**Қағида өлеңдерді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.**

### **Он мұра**

- 1- Әкеден мұра – мал қалады
- 2- Шешеден мұра – ар қалады.
- 3- Молдадан мұра – хат қалады.
- 4- Ұстадан мұра – зат қалады.
- 5- Батырдан мұра – ат қалады.
- 6- Жақсыдан мұра – ырыс қалады.
- 7- Шайпаудан мұра – ұрыс қалады.
- 8- Шешеннен мұра – сөз қалады.
- 9- Шеберден мұра – ері қалады.
- 10- Малдан мұра – тері қалады.





Төменде берілген кесте бойынша, өз жеті атаңызды таратып айтып беріңіздер.




## 26-сабақ

### Қазақтың дастарқаны



Мына суреттегі ұлттық дәм тағамдардың атын атап, сөйлем құраңыздар.



Мәтінді түсініп оқыңыздар.

### Қазақтың дастарқаны

Қазақ халқы – қашанда дастарқаны жиылмаған қонақжай халық. Қазақтың қонақ күту дәстүрі де ерекше. Жасы үлкен адамдарды төрге шығарып, дастарқанға бата бергізеді. Дастарқандағы дәм, тағамнан ауыз тимей кетуге болмайды. Қазақтың ұлттық дастарқанында тамақтардың негізгі үш түрі болады. Олар: ет, сүт, нан тағамдары. Ет тағамдарына – ет, қуырдақ, қарта, қазы, жал, жая жатады. Сүт тағамдары – ірімшік, құрт, май, сүзбе, қаймақ. Дәннен жасалған тағамдар – тары, қуырған бидай, жент, талқан. Нан тағамдары – бауырсақ, шелпек, жұқпа, қаттама. Ал ұлттық сусындарға қымыз бен шұбат жатады.



1. Қазақ халқы қонағын қалай құрметтеген?
2. Қазақ халқының ұлттық тағамдарын атаңыздар.
3. Ұлттық сусындар туралы не білесіздер?
4. Сіз үйіңізге келген қонақты қалай қарсы аласыз?
5. «Шипалы сусын» тақырыбына шағын әңгіме құраңыздар.

Бата беріп үйренейік!



**Батаны жаттап алыңыздар.**



Балаларыңның мінгені  
Жорға, жорға тай болсын,  
Жорғалатып келгенде  
Байдың көңілі жай болсын.

Ауылыңның қонғаны  
Жылға-жылға сай болсын.  
Ай жағыңа қарасаң  
Алтын терек орнасын.

Үйге келген қонағың  
Атын оған байласын.  
Аты жатып қунасын.

**Дәптермен жұмыс. Рефлексия.**

**27-сабақ**

**Қазақ бас киімді неге қадір тұтқан?**



**Ребусты шешіңіздер.** Шешуіндегі сөзді қатыстырып сөйлем құраңыздар.



”””



,

гі



**Қазақ бас киімді неге қадір тұтқан?**

Қазақ ғұрпында жақсылықтың барлығы адамның маңдайына жазылады деген ұғым бар. Сондықтан бас киімді тебуге, лақтыруға, теріс киюге, басып отыруға тыйым салып, төріне ілген.

Қазақта ер адамдар бас киімінің бірнеше түрі болған. Қай түрі болмасын үйде ер адамның бас киімін тек шешесі мен әйелі ғана ұстаған. Бұл ырым үйдегі ер адамның басын қадірлеуден туған.

Бас киімге қарап хан ба, қара ма ажыратып отырған. Мысалы, мұрақты тек арнайы мерекелерде бөріктің үстінен тек хандар киген. Өйткені, мұрақ – тек хан-сұлтандарға, ел билеуші лауазымды тұлғаларға арнап тігілетін бас киім. Мұраққа қарап халық оның мансабын, дәрежесін анықтайтын болған.



*Қағида өлеңдерді жаттап алыңыздар.*

**Бір қиын**



- Жол бастау қиын емес,  
Соңыңнан ерген елің болса.  
Қол бастау қиын емес,  
Көк найзалы ерің болса.  
Сөз бастау қиын  
Тауып айтсаң мереке қылады,  
Тауып айтпасаң келеке қылады.

### Төрт рас

- 1- Ұл – әкенің пырағы,
- 2- Ит – адамның құлағы.
- 3- Қыз – ауылдың санаты,
- 4- Ат – батырдың қанаты.

Дәптермен жұмыс.  
Рефлексия.

## 28-сабақ

### Қазақ баласы бесікте өскен



#### *Жұмбақты шешіңіздер.*

Ғажап екен, кіп-кішкентай,  
Сәнді үйі,  
Ішінде ұйықтап жатыр,  
Балқып әлдіі. ( ... )

### Тәрбие басы – тал бесік



#### Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

### Қазақ баласы бесікте өскен

Қазақ ғұрпында балаға арналатын ерекше салтанат – бесікке бөлеу тойы.  
Оның қысқаша сипаттамасы мынадай:

Талдан иіліп жасалған бесік, кәдімгі манежге ұқсас. Бала бойына лайықталып тақтайшаға төсеніш орнатылған. Орта тұсына таман бала несібіне арналған ойық бар. Оған кәдімгі қыш ыдыстан түбек қойылады. Мұның өзі бөбектің нәжісі мен несібін аса ұқыптылықпен алып, гигиеналық тұрғыдан таза болуына мән берген. Төсекше тақтайға өте жұмсақ, қой жүнінен жасалған көрпеше немесе жабағы төселеді. Бала денесін жалпақтығы бес елідей, жұқалтаң етіп өрнектеле тігілген белдеушемен орап танады. Бесіктің бас-аяғын тұтастырып тұрған бел ағашына ілінген түрлі ойыншық киелі аң-құстың тырнағы, үкі-қауырсыны баланың көңіл-күйін елітіп ой-санасының тез толысуына әсер етеді.



Ежелгі қазақтар баланы бесікке бөлеуді үлкен салтанат деп білген. Өйткені олар тәрбие-танымның бастау көзі осы кезден қалыптасады деген тұжырымды қағида еткен. Өнеге –үлгісі жоқ, тәлім тәрбиесі нашар әулетке, «алдымен бесігіңді түзе», – деп кінә артатыны содан. Қазақ халқының бесікке бөлеу тойын ерекше атап өтудің осындай мәні бар.



- Мәтіннен не түсіндіңіздер?
- Қазақ халқы не үшін «Бесік баласы, бек баласы» деген?
- Баланы бесікке жатқызудың пайдасы бар ма, қалай ойлайсыздар?



**Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.**

### Бесікке бөлеу

Мойнымдағы тұмарым,  
Тарқамайтын құмарым.  
Тағдыр берген алсын деп,  
Ақ бесікке салсын деп  
Мойнымдағы маржаным,  
Қорадағы - мал жаным,  
Бесігіңе жата ғой,  
Тәтті ұйқыға бата ғой.



Баласы жатсын бесікке  
Пәлесі қалсын есікте .....  
Анасы шешіп алсын,  
Ұйқысы бесікте қалсын,  
Балам бесіктен шықсын,  
Пәлесі есіктен шықсын.

**Дәптермен жұмыс. Рефлексия.**

## 29-сабақ

### Тыйым сөздер



Ребусты шешіңіздер. Шешуіндегі сөзді қатыстырып сөйлем құраңыздар.



”

Й



”



””

### Ұлттық тәлім бастаулары

Халқымызда әдеп- ғұрып пен дәстүр – салтқа, ырым – жорамал, жол-жоралыға байланысты тыйым сөздер өте көп. Мұның өзі жас ұрпақты мәдениеттілік пен инабаттылыққа, әдептілік пен имандылыққа баулудың үлкен мектебі. «Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю» деген мақал осыған байланысты шыққан». Бүйірін таяну – қайғының, жағын таяну – мұң- шердің, жүресінен отыру – әдепсіздің белгісі» деп танып, оған тыйым салған. Демек, тыйым – халықтық педагогиканың құрамдас бөлігі. Тыйым үлгілері мен сөздері ел ішінде өте көп.



- Тыйым деген не? Оның мәні қандай?
- Қандай тыйым сөздерді білесіздер?
- Тыйым сөздерді жаттап алыңыздар.

- Ақты жерге, суға төкпе,
- Адамды шошытпа.
- Ант ішпе, әбәс сөйлеме.
- Аманатқа қиянат жасама.
- Аспанға қарай түкірме.
- Әлсізге күш көрсетпе, зәбірлеме.
- Әдепсіз болма.
- Бос бесікті тербетпе.
- Басыңды шайқама.
- Дастарқанды аттама, баспа.
- Желге қарсы түкірме .
- Саусағыңды аузыңа салма.
- Түнде үй сыпырма.
- Иігіңді таянба.
- Көптің жолын кеспе.
- Нанды бір қолыңмен үзбе.
- Үйге жүгіріп кірме.

- Ысырапқор болма.

Дәптермен жұмыс.  
Рефлексия.

### 30-сабақ

#### Көктем жыры

Екі бағандағы бірдей заттарды салыстырып және сұрақ қойыңыздар.  
Не байқадыңыздар?



**Кім? Не?** сұрақтарына жауап беретін сөздерді зат есімнің *жекеше түрі* дейміз: гүл, доп, бала.

**Кімдер? Нелер?** сұрақтарына жауап беретін сөздерді зат есімнің *көпше түрі* дейміз: гүлдер, доптар, балалар.



Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.



#### Көктем жыры

Көлде аққу, көкте қаз,  
Орманда бұлбұл сайраған.  
Көптен күткен көктем кеп,  
Құлпырып дала жайнаған.



Өзенде ағып сылдыр су,  
Қызыққа көзің тоймаған.  
Тракторлар гуілдеп,  
Далада еңбек қайнаған




Жер жыртқан өрен жастарым,  
Құлпырып гүл-гүл жайнаған.  
Жастарменен жарыс сап,  
Кәрілер де қалмаған.

Көктемнің күнін қарсы алып,  
Бүгін елім тойлаған.

*К. Әзірбаева*



Сурет мазмұны бойынша шағын мәтін құраңыздар.



### 31-сабақ

#### Мағынасы қарама-қарсы сөздер



Төмендегі мысалдарда қарамен жазылған сөздердегі әріптердің орны қалай ауысқан? Бір сөздегі бір әріптің ауысып келуі сөйлем мағынасына қандай әсер ете алады екен?



Күз түсті, **тырмалар** жылы жаққа ұшты,

Ешкі егіз **бақ** тапты,

Балалар оны күтіп **бақты**.

Марат мектептен келіп **жем** алды,

Анасы берген **тарақты**

Тойғанынша **жеп** алды.

**Қоздар** сынып бөлмесін ақтады,

**Малалар** еден жуды.



*Жаңылтпашты жаңылмай айтайық!*

- ❖ Айта-айта жақ талды,  
Қайта-қайта жатталды.  
Жатталған еңбек ақталды.  
Жаттағаным мәңгі сақталды.
- ❖ Іске іскер,  
Істі іскер істер.

**Топтық тапсырма.** Мақалды толықтырып айтыңыздар. Көп нүктенің орнына мағынасы қарама-қарсы сөздерді қойып айтыңыздар.

- ❖ ... басқа қарайды,

- ... аяққа қарайды.
- ❖ ... бір рет өледі,  
... мың рет өледі.
- ❖ ... бала мақтатар,  
... бала қақсатар.

**Дәптермен жұмыс. Рефлексия.**

### 32-сабақ

**Мағынасы қарама-қарсы сөздер.  
Қатыстық сын есім дегеніміз не?**



**Ребусты шешіңіздер.**

*Шешуіндегі сөздің түбірі мен қосымшасын ажыратыңыздар. Не байқадыңыздар? Сөзді қатыстырып сөйлем құраңыздар.*



””



””

””

**Л**



– **Қатыстық сын есім дегеніміз не?**

**Қатыстық сын есімдер** басқа сөз табынан сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалады. *Мысалы:* қайрат+ты, талап+ты, ақыл+ды, т.б.



**Суреттегі зат атауларын сын есімдерге тіркеп, сөйлем құраңыздар.**



**Қарсы мағыналы мақал құрастырып айтыңыздар.**

- Жақсы адам алғыс алар,  
... ..



- Әдепті бала – арлы бала,  
... ..
- Жақсыдан үйрен,  
... ..
- Көз қорқақ,  
... ..

Дәптермен жұмыс. Рефлексия.

### 33-сабақ

#### Жазылуы бірдей мағынасы әртүрлі сөздер



Берілген суреттер қай жұмбақтың жауабы бола алады?

❖ Бірі – ағаш кесу құралы,  
Бірі – шырынды бал бұлағы.

❖ Сақталады алты ай **жаз**,  
Сандығымда сары аяз.

❖ Алма дерсің, түсіне қарап,  
Жүгері дерсің ішіне қарап.  
Татсаң тәтті, бал шәрбәтті.

❖ Көкпеңбек еді көктемде, қызарды күні жеткенде.



Жұмбақтың шешуіндегі айтылуы бірдей мағынасы әртүрлі сөздерді атау.

Мысалы, **Анар** – қыз баланың есімі, **анар** – жеміс атауы.

**Жаз** – мезгіл атауы → зат есім;

**Жаз** – қимыл атауы → етістік.



#### Мың бір хадистен үзінді.

Адамдардан еш нәрсе тіленіп сұрама. Тіпті ат үстінде, қамшыңды түсіріп алсаң да өзің түсіп ал.

Хадистен айтылуы бірдей мағынасы әртүрлі сөзді анықтаңыздар және дәлелдеңіздер.



Суреттерді сәйкестендіріңіздер. Айтылуы бірдей мағынасы әртүрлі сөздерді қатыстырып сөйлемдер құраңыздар.



100



Дәптермен жұмыс. Рефлексия.

### 34-сабақ

#### Мағынасы жуық сөздер



##### Артық сөздерді анықтаңыздар.

1. Кітап, дәптер, әдемі, қарындаш.
2. Алма, батыр, алмұрт, өрік.
3. Шаңырақ, уық, кереге, білім алушы.

Артық сөздерді атап, сол сөздерге мағынасы жуық сөздерді жалғастырып айтыңыздар.



##### Жаңылтпашты жаттап, жаңылмай айтайық!

- Есет атам ет асатар, ет асатпаса бес асатар.
- Анау арал, қай арал?
- Қайынды арал. Талды арал.
- Үш кіші ішік піштім,  
Бес кіші ішік піштім.  
Неше кіші ішік піштім?



##### Мақалдың жалғасын табу. «Кім тапқыр?» ойыны

- 1.Туған жердей жер болмас, ...
- 2.Бірлігі жоқ ел тозар, ...
- 3.Аз сөз алтын,...
- 4.Жол қуған қазынаға жолығады ...
- 5.Шебердің қолы ортақ ,...



- 6.Басқа бәле.....
- 7.Аңдамай сөйлеген,.....
- 8.Күшіңе сенбе,.....
- 9.Оқу – білім азығы,.....
10. Әке көрген .....



**Мағынасы жуық сөздер және мағынасы қарама-қарсы сөздерді тізбектеп айтыңыздар.**

Мағынасы жуық сөздер	Мағынасы қарама-қарсы сөздер

### 35-36-сабақ

**Шығармашылық жұмыс** (үй тапсырмасы ретінде ұсынылады)

1-тапсырма. Ата-анасынан интервью алу.

Үлгі сұрақтар:

1. Қай жылы алғаш рет мектеп табалдырығын аттадыңыз?
2. Алғашқы ұстазыңыздың аты-жөні кім?
3. Алғашқы қоңырау күніңіз есіңізде ме?
4. Қай пәнді сүйіп оқыдыңыз?
5. Алғашқы ұстазыңызға деген алғысыңызды қалай жеткізесіз?

2-тапсырма.

1. «Менің отбасым» тақырыбында фотоколлаж жасау.
  2. «Менің бақытты отбасым» тақырыбына шағын мәтін құрап жазу.
- 3-тапсырма. «Кім болам?» тақырыбында презентация жасау.

**Бастауыш сыныпта баланың тілін дамыту бойынша оқу  
бағдарламасының үлгісі  
3-4 сынып**

1	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
I. Менің Отаным- Қазақстан		
1	Ана тілім Н. Айтов	1
2	Қарлығаш би ( Аңыз)	1
3	Бурабай туралы (Аңыз)	1
4	«Атамекенге оралғанда» Оразақын Асқар	1
5	Отан М. Мақатаев	1
6	Өзің оқы да, өзгеге ұсын «BookCrossing»	1

II. Құндылықтар

1	Қайырымдылық (Ертегі)	1
2	Кішіпейілділік Ж. Молдағалиев	1
3	Жомарт Ы. Алтынсарин	1
4	Әке тәлімі А. Аманжолов	1
5	Әжемнің ертегілері (Аудиотыңдалым)	1

### III. Атақты тұлғалар

1	Ұшқан ұя Б. Момышұлы	1
2	Абайдың Барлас ақынмен кездесуі	1
3	Бақша ағаштары Ы. Алтынсарин	1
4	Ақкөл жағасында Ә. Абдуллин	1
5	Жас журналист (Дебат)	1

### IV. Өнер

1	Өнер- білім бар жұрттар Ы. Алтынсарин	1
2	Өнер жолында Н. Айтов	1
3	Өнердің сайыпқыраны К. Кенжетаев	1
4	Абайдың қара сөзі ( алтыншы қара сөзі )	1
5	Сөз құдіреті (дөңгелек үстел)	1

### V. Жақсыдан үйрен , жаманнан жирен

1	Сөз мәйегі Б. Үсенбаев	1
2	Тоқсан жастағы тарлан (К. Әзірбаев туралы)	1
3	Төрт тентек Мөңке би шешендігі	1
4	Аңызда да шындық бар М. Қалдыбай	1
5	«Оқырман отбасы-оқымысты бала» челлендж	1

### VI. Жанды табиғат

1	Көксерек М. Әуезов	1
2	Қайран Қарасазым – ай! М. Мақатаев	1
3	Дегелеңдегі жарылыс А. Алтай	1
4	Миуалы ағаш М. Етекбаев	1
5	Көзата бұлағы (Аңыз әңгіме)	1

### VII. Мәдени мұра

1	Қазақтың дәстүрлері Ф. Оңғарсынова	1
2	Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің салынуы (Аңыз)	1
3	Алтын адам (Ұлттық энциклопедия)	1
4	Бәсіре	1
5	Жазғы демалысқа жақсы кітаппен (виртуалды кітап көрмесі)	1

## №1 Сабақтың тақырыбы: Ана тілім Н. Айтов

Сабақтың мақсаты: Өлеңді нақышына келтіріп оқуды үйренемін.

## Ана тілім Н. Айтөв

Ана тілім,  
Жүрегісің аһамның.  
Жүрек-аһа,  
Мен өзіңнен жаралдым.  
Сағат сайын саулығыңды тілеймін,  
Сенсіз мынау керегі не ғаламның!  
Сенің әр бір тынысыңмен күн кешем,  
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.  
Ел бетіне қалай түзу қараймын,  
Ана тілім,  
Егер сені білмесем.  
Сенің арқаң дүниеден сыр ұқсам,  
Сенің арқаң жүзіп ішсем тұнықтан.  
Туған аһамды ұмытқаным емес пе,  
Туған тілім,  
Егер сені ұмытсам.



2.Құпия жазылған мақалды сағат тіліне қарсы бағытта оқы.

Т	І	Р	Й	Ү	Ж	Н
І	К	Ж	О	Қ		А
Л	Д	Е	Н	А	С	Қ



3.Өлеңді оқып тірек сөздерді тауып, сөйлем құра.

---

---

---

---

---

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



## №2 Сабақтың тақырыбы: Отан М. Мақатаев

Сабақтың мақсаты: Ұлттық дәстүрді дәріптеймін.

## Отан

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,  
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.  
Мен оның қасиетті тілін сүйем,  
Мен оның құдіретті үнін сүйем.  
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,  
Бәрі маған: «Отан» деп сыбырлаған.  
Жаным менің,  
Кеудемді жарып шық та,  
Бозторғайы бол оның шырылдаған!  
Отан!  
Отан!  
Бәрінен биік екен.  
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.  
Отанды сүймеуің де күйік екен,  
Отанды сүйгенің де күйік екен...



2. Тілек айтып үйренейік. «Отанға тілек» тақырыбына тілек айту.



3. Отан тақырыбына өлең ұйқасын тап.

Сарқылмайтын \_\_\_\_\_ ,

Тірегімсің сен, \_\_\_\_\_ .

Мәңгі соғып тұратын

\_\_\_\_\_ сен, Отан!

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



### №3 Сабақтың тақырыбы: Қарлығаш би ( Аңыз)

Сабақтың мақсаты: Аңыздың негізгі ойын анықтап, шығармашылық жұмыстар жасап үйрен.

## Аңыз

Ертеде жоңғар шапқыншылығы кезінде ауыл адамдары елін – жерін тастап қаша жөнелген екен. Сол ауылда Төле би ағамыз ғана қозғалмай, киіз үйінен шықпапты. Қалмақтың әскер басы себебін сұраса, Төле би үйінің төбесін көрсетіпті «Қарлығаш шаңырағыма ұя салды, балапандары әлі жас, ұша алмайды» депті. Жас әскер басы Төле бидің адамгершілігіне риза болыпты. Содан Төле би ағамызды «Қарлығаш би» атапты, ал қарлығашты «Әулие құс» деп атаған екен.



2. Төле бидің «Қарлығаш әулие» атану себебін түсіндір.



3. Шешендік сөзінің әрбір әрпінен басталатын сөздерді тауып жазыңдар.

Ш-  
Е-  
Ш-  
Е-  
Н-  
Д-  
І-  
К-

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



## №4 Сабақтың тақырыбы: Бурабай туралы (Аңыз)

Сабақтың мақсаты: Аңыздың негізгі ойын анықтап, шығармашылық жұмыстар жасап үйрен.

## Бурабай туралы (Аңыз)

Ертеректе Көкшетау жерінде аппақ, әдемі бура мекен етіпті. Ол өзгелерден саяқ, жалғыз жүретін. Бура қалың орман ішін кезіп, шөліккегенде Күміскөлге келіп шөлін басатын еді. Күміскөл - оның тыныстайтын сүйікті жері.

Бура ерекше қасиетке ие болған. Елге қауіп-қатер, соғыс, жұт төнгенде, боздап, елдің тынышын алатын. Оның белгісіне үйреніскен халық бураны айрықша жақсы көріп, қадірлеген.

Күндердің күнінде елге зұлым жау шабады. Бура әдеттегідей белгі беріп, бәрі тығылып үлгеріп, жан сақтап қалады. Бәріне бура себеп екенін білген зұлымдар оның ізінен түсіп, өлтірмек болады. Ну орманда жүрген бура зәлімдерге кез болады. Олардың бірі садағын кезеп, дәл бураның жүрек тұсын көздейді. Садағын атып кеп жібергенде жебе кеуде тұсынан кіріп, өркешінен шығады. Жан дауысы шыға аңырап, боздаған бура зұлымдарға қарай жүгіреді. Атына қамшысын басқан олар бытырай қаша жөнеледі. Бір сәтте бура кері бұрылып, Күміскөлге беттейді. Сүйікті мекеніне келіп, жата кетеді. Осылайша жан тапсырады.

Мұнан кейін жұрт бұл жерді Бурабай атап кеткен.



2.Күміскөлдің «Бурабай» атану себебін түсіндір.



3.Сөзден сөз құрастыру.

Бурабай \_\_\_\_\_

Көкшетау \_\_\_\_\_

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



**№5 Сабақтың тақырыбы: «Атамекенге оралғанда» А. Оразақын**

Сабақтың мақсаты: Өлеңді нақышына келтіріп оқуды үйренемін.

Ақын боп, азамат боп Отан — Ана,  
Өзіңнен қайта тудым осы арада.  
Жер түгіл, айды айналып күнді  
күшсам,  
Жаныма мұнша шаттық қоса ала ма.

Ойласам ықыласыңды өседі еңсем,  
Әлпештеп жолыма гүл төсеген сен.  
Қорыңа өз қолымнан үлес қосып,  
Арман не ұл міндетін өтеп өлсем.

«Ер туған жеріне» — оңды мақал  
екен,



2.Өлеңнің негізгі идеясын тап.



3.Ақын өлеңіне ұқсас төмендегі шумақтар арқылы өлең құрастырып көр.

«..... жер  
..... жер  
.....  
..... жер»

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



**№6 Сабақтың тақырыбы: Жомарт Ы. Алтынсарин**

Сабақтың мақсаты: Мәтіннен адами қасиеттерді бойыма сіңіруді үйренемін.



Жомарт  
Ы. Алтынсарин

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары сұрады дейді:

— Жомарт, құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа - тамақ, жалаңашқа - киім, үйсіздерге - үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп.

Жомарт айтты дейді:

— Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өнебойы әдет етсең көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиіркеніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын.

Екіншісі: Бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер ғибрат алсын деймін.

Үшіншісі: Күн сайын өз бейнетіммен таңнан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен.

Төртіншісі: Құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.



2.«Биографиялық» әдісі арқылы мына сауалдарға жауап бер.

1. Есімім (Өз есіміңізді келтіріңіз)
2. Мен қандаймын? (Өзіңізді сипаттайтын үш сын есім келтіріңіз).
3. Сүйікті іс-әрекеттерім (Қол боста айналысуды құмартатын үш әрекетіңіз, хобби)
4. Неден қорқамын, сескенемін? (Өмірдегі қорқыныш пен қауіптеріңіз)
5. Өмірлік қағидам (кредо) (Өмірде ұстанатын басты қағидаңыз, ұраныңыз)
6. Сүйікті ақын-жазушыларым (Қандай ақын-жазушыларды ұнатасыз?)
7. Сүйікті тағамдарым (Қандай тағамдарды ұнатасыз?)
8. Менің жетістіктерім (Отбасыңызда, оқуда, жұмыста қандай жетістіктеріңіз бар?)
9. Менің арманым (Бір арманыңызды атаңыз)
10. Тегім



3.Сөйлемді аяқта .

Тамағым сіңімді болады, себебі.....

.....

.....



Өз жұмысыңды бағалап, боя.



## №7 Сабақтың тақырыбы: Ұшқан ұя Б. Момышұлы

Сабақтың мақсаты: Кейіпкердің іс- әрекетін бағалаймын.

Тағы бір жай ойыма оралады... Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалдары жамбастай жайғасып баппен қымыз ішіп отыр екен... Әкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені ымдап шақырды да құлағым: «Сен немене, аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда?!» - деп сыбырлады. Мен қатты қызарақтап, үйден шыға жөнелдім. Сыртта біраз тұрдым да, нық басып үйге қайта кірдім. Көпшілікке қол қусырып тұрып: «Ассялам алейкум, аталар» деп әр сөзді қадап-қадап айттым. Бұған, әрине, бәрі күлісіп жатыр. Әйткенмен мені араз етіп алмау үшін бәрі де бір ауыздан «әлейкүм салам!» десті. Сонан соң әрқайсысы маңдайымнан сипап мақтайды. Жақсы сөзге мәз болып мен әкемнің тізесін ала жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып: «Жарайсың, балам! Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сүйтеді», - дейтін.



2.«Кейіпкерлер әдісі» бойынша ұтымды сұрақтар қою және жауап беру.



3.Әңгіменің мазмұнына сай қандай мақал- мәтел білесің?

---

---

---

---

---

---

---

---

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



## №8 Сабақтың тақырыбы: Бақша ағаштары Ы. Алтынсарин

Сабақтың мақсаты: Тыңдалған мәтін бойынша пікір білдіремін.

Бақша ағаштары  
Ы. Алтынсарин

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

- Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? - деп сұрады баласы.

- Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса өсіп. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен,- деді атасы.

- Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой,- деді баласы.

- Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады; сен жас ағашсың саған да күтім керек; мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің,- деді.



2.«Сен жас ағашсың саған да күтім керек» деген сөздің суретпен қаншалықты байланысты екенін әңгімеле.





3. «Адам болатын **бала** алысқа қарайды» деген мақалдың мағынасын түсіндіріп жаз.

---

---

---

---

---

---

---

---

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



### №9 Сабақтың тақырыбы: Абайдың қара сөзі (алтыншы қара сөзі)

Сабақтың мақсаты: Мәтіндегі ақпаратты қажетіңе жаратасың.

Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды - бірлік, ырыс алды - тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады - білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік - ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?

«Ырыс алды - тірлік» дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да,

көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың. Кеселді жалқау, қылжақбас, Әзір тамақ, әзір ас, Сыртың - пысық, ішің - нас, Артын ойлап ұялмас, - болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.



2. Абайдың қара сөзінен ізгілікті ойларды тауып, санамалап айтып бер.



3. «Адал еңбек» деген сөздің мағынасын ашып жаз.

---

---

---

---

---

---

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



### №10. Сабақтың тақырыбы: Сөз мәйегі Б. Үсенбаев

Сабақтың мақсаты: Өлеңді нақышына келтіріп оқуды үйренемін.

Сөз мәйегі  
Б. Үсенбаев

Мақалды ерінбей  
Жаттаймын әр күні.

Жиреніп жаманнан,  
Жақсыны үлгі еткен.  
Талапты адамға  
Өмірді үйреткен.

Өлмейтін даналық  
Қалдырды бабамыз.  
Мақалдан нәр алып,  
Толысты санамыз.

Мақал мен мәтелдер –  
Ақыл-ой мәйегі.  
Мақал мен мәтелдер –  
Даналық әлемі.

Биікке өрлеуге  
Аталы сөз үлгі.  
Мақалсыз көр кеуде  
Санаймын өзімді.

Ақылдың кеніндей  
Асыл ой сандығы.

Мәтел де, мақал да  
Өмірден туады.

Күн болып жаһанға,  
Шашырап шуағы.



2. Мақал – мәтелдер сайысы. Адам бойындағы қасиеттер тақырыбына байланысты мақал- мәтелдер.



3.Мақалды аяқта.

Қына тасқа бітеді,

.....

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



### №11 Сабақтың тақырыбы: Төрт тентек Мөңке би шешендігі

Сабақтың мақсаты: Ойынды нақыл сөзбен жеткізесің.

Екі ел келісе алмай, кеңес бірнеше күнге созылады. Мөңке сол ауылдың баласы екен, жиналған көпке келіп, Мөңке бала былай депті: «Иә, ағалар-билер, сіздер бұл кеңесті тым ұзаққа создыңыздар ғой және бір шешімге келе алмадыңыздар. Осының билігін маған берсеңіздер, мен тез бітірер едім», – депті. Көпшілік баланың ықыласына риза болып, бірауыздан: «Билікті бердік, ал айта ғой», – десіпті. Сонда Мөңке бала былай депті: «Бұл шалдың өліміне кінәлі ел емес, тентек. Ал мұнда тентек – төртеу. Меніңше, сол төрт тентек құнды бөліп төлейтін болсын және ердің құны жүз жылқы болсын», – депті. Сонда Мөңке бала: «Бірінші, мың жылқыдан бір жуас ат таба алмағандай, асау байталға мінген және елде адам құрығандай асық ойнаған балалардан жөн сұраған бай тентек; екінші, адам көрмей жүргендей, баладан үркіп тулап, байды жығып өлтірген байтал тентек; үшінші, ұшып түскен бөрік тентек; төртінші байталды үркіткен бала тентек. Мінеки, осы төртеу құнды бөліп төлейтін болсын», – депті. Осы

билікке екі жағы да разы болып, балалардың ауылы құнның төрт бөлігінің бірі – жиырма бес жылқы төлеп құтылыпты. Мөңке баланың би болуына осы билік басты себеп болыпты.



2.Билерше толғап, нақыл сөз құрастыр.



3.Бидің шешіміне өз көзқарасыңды білдір.

Менің ойымша ,.....  
.....

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



## №12 Сабақтың тақырыбы: Қайран Қарасазым – ай! М. Мақатаев

Сабақтың мақсаты: Өлеңнің негізгі идеясын аш.

Тамаша еді жазғы орман  
Құстар сайрап, мәз болған.  
Көлшіктерде, суларда,  
Үйрек ұшып, қаз қонған.  
Шыбын-шіркей қаға ма,  
Шоршып судан ақ шабақ?!  
Таз тырна отыр жағада,  
Сыңар аяқ, ақ қабақ.  
Елік ертіп лағын,  
Еңкейеді суатқа.

Елендетіп құлағын,  
Тыншымайды бірақта.  
Көкқұтандар көлбеңдеп,  
Көтерле алмайды.  
Жалғыз-жалғыз ербеңдеп,  
Көк қояндар заулайды.  
Мұздай суын атқылап,  
Ақ бастаулар қайнаған.  
Тана-торпақ шапқылап,  
Оқыранып, ойнаған.

...Тамаша еді жазғы орман:  
Тамашалап, мәз болғам,

Қайран Қарасазым-ай!  
Үйрек ұшып, қаз қонған!..



2. «Попс формуласы» әдісі бойынша жан айқайыңды білдір.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,....»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын....»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»



3. Қазақстандағы мемлекеттік қорықтарды санамалап жаз.

---

---

---

---

---

---

---

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



### №13. Сабақтың тақырыбы: Дегелеңдегі жарылыс А. Алтай (Үзінді)

Сабақтың мақсаты: Өз ойымды сезімді, көзқарасымды білдіре отырып, пікір айтамын

«Қажымұрат пен Айтуар арқар көруге Дегелең жаққа барады. Бір кезде табан асты солқ ете қалды. Төңіректе тас құлап, қара жер жарылып, дүние жаңғырығып кетті.

Бір кезде Қажымұрат:

- Айтуар! Айтуар! Ананы қара!? Дегелең жақтан саңырауқұлақ шықты. Қара! Қарасаңшы!? Саңырауқұлақтың үлкені-ай! Қып-қызыл от... жалын... Күннен де жарық... Қара, қара деймін - деп айқайлады.

Ертеңіне Қажымұрат: «Айтуар! Менің көзім түк көрмей тұр. Енді қайттім?!» - деп жылап жіберді. Оның көзі отты сәулеге шағылып, қарығып қалыпты.

Күзде мектепке Қажымұрат келмеді. Алматыға көзін емдетуге отбасымен көшіп кетіпті.

Бұл күнде Дегелеңге ел қайта көшіп кеп жатыр. Тауға арқарлар да оралыпты. Қажымұрат та оралар. Көзі жазылған да шығар. Кім біледі?!»



2. Қажымұрат күзде мектепке неге келмеді ? Себебін дәлелде.



3. Кестені толтыр.

Әңгімедегі оқиға	Басты кейіпкер	Экологиялық зардабын жаз

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



#### №14 Сабақтың тақырыбы: Көз ата бұлағы (Аңыз әңгіме)

Сабақтың мақсаты: Мәтіндегі негізгі ойды анықтаймын. Шығармашылық жұмыстар жасаймын.

Бағзы замандардың бірінде Қазығұрт тауын әрі әулие, әрі емші адам мекендепті. Ол емші болғанда көз ауруын ғана жазады екен. Сондықтан зағип болғандардың барлығы осы емшінің дақпыртын естіп, дертінен айығу үшін арнайы іздеп келіп, емделіп жүріпті. Бір ғажабы шын ниетімен емделуге келген сырқаттардың барлығы айығып кететін көрінеді. Жанары ашылып, жарық



дүниенің келбетін көрген пенделер емшіге шексіз алғыс -тарын жаудырыпты. Өмір бар жерде, өлім бар демекші, күндердің күнінде дәм-тұзы таусылған емші көз жұмады. Жақсылығы жалпақ дүниеге жайылған әулиені дүйім жұрт жиналып, Қазығұрттың баурайына жерлепті. Арада қырық күн өткенде әулие мазарының дәл жанынан жерді жарып бұлақ ағып шығады. Бір ғажабы, осы бұлақтың суынан ішіп, беті-қолын жуған адам көз ауруынан құлан таза айығатын болыпты. Сөйтіп халық бұл бастауды «Көзатаның бұлағы» деп атапты.



2. Төрт сөйлем әдісі бойынша пікіріңді білдір.

### «Төрт сөйлем»

Бұл тәсіл арқылы білім алушылар тақырып туралы пікірлерін білдіреді:

*Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен айтыңдар .

*Дәлел.* Пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдендер.

*Мысал.* Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіріңдер.

*Қорытынды.* Аңыз мазмұны бойынша қорытынды шығарыңдар.



3. «Тірек мәтін» әдісі арқылы мәтін құрастыр.

Жер асты суы, бұлақ, минералды су, шипалы су, емдік қасиет.

---

---

---

---

---

---

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



### №15 Сабақтың тақырыбы: Қазақтың дәстүрлері Ф.Оңғарсынова

Сабақтың мақсаты: Өлеңді нақышына келтіріп оқуды үйренемін.

Қайта оралды қазағымның бүгін дәстүрлері-ай,  
Көптен күткен халқымыздың асыл арманы еді-ай.

Берекелі қазақ жері, ең мерекелі,  
Дәстүрлерін жоғалтпаған қазағымның бұл ежелгі  
Шілдехана, бесік той, тұсаукесер, сүндет той, ай шіркін-ай,  
Құда түсу, сырға салу, беташарым-ай.  
Алтыбақан аясында сұлу бойжеткен,  
Қыз бозбала кең даланы әнімен әсем тербеткен.  
Ер жігітке жарасады озып шықса бәйгеден,  
Қыз балаға жарасады алқа, шашбау, сәукеле.  
Жоғалмасын дәстүріміз, ұмытылмасын,  
Ата-баба көзіндей ғып сақтайық қазақ дәстүрін.



2.Әнді тыңда, қосылып айт.



3.Қазақ халқының салт- дәстүрін санамалап жаз. Өзің білетін дәстүрге жарнама жаса.

---

---

---

---

---

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



### №16 Сабақтың тақырыбы: Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің салынуы (Аңыз)

Сабақтың мақсаты: Тарихи деректермен танысамын.

1396 жылы Орта Азияның билеушісі Ақсақ Темір Қожа-Ахмет Яссауидің ескі мазарының орнына жаңа кесене салу жайлы бұйрық береді. Орта ғасырларда бой көтерген ең керемет сәулет өнерінің бірі саналатын аталмыш кесенеді Қазактың 21 ханы жерленген деседі. Кесене салынып жатқан кезде қайта-қайта құлап қала берген екен. Сонда Ұлы Билеушінің түсінде бір ақсақал аян беріп, "Қожа-Ахметтің Арыстан атты ұстазы болған. Сондықтан әуелі Арыстанға, сосын ғана шәкіртіне кесене салыңдар" депті. Бұл түсті көрген Әмір Темір көріпкелдерін шақыртып алып, түсін жорытады. "Арыстанның қабірін қалай табамын?" деп олардан ақыл сұрайды. Көріпкелдері "Жұма намаздан соң Қожа Ахмет Яссауидің қабірінің басына екі құс келіп қонақтайды, сол құс ұшып, ұстазы Арыстанбабтың басына барады, осылайша табасың" деп айтқан екен. Арыстанбабтың сүйегі жерленген жер осылайша табылғанға ұқсайды.

Арыстанбабтың жерленген жері жөнінде тағы да бір қызық аңыз бар. Арыстанбаб қайтыс болмай тұрып, тірі кезінде Қожа Ахмет Яссауиге "Менің саған айтар аманатым, жасым келді, қартайдым. Қайтыс болсам жаназамды сен оқисың. Жас та болсаң сен тегін адам емессің. Пайғамбарымыздың (с. ғ. с) аманат жіберген адамысың. Менің жаназамды оқысымен күн батыс жақтан бір ақ түйе келеді. Соған денемді артып, басын бос қоя сал. Түйе қайда барып шөксе, сол жерге сүйегімді жерле" деп айтыпты. Сол аманат бойынша Арыстанбабтың жаназасына жиылған адамдар ақ түйенің соңынан ереді де отырады. Түйе Отырар өңірінің батыс жағына келіп шөгеді де, сол жерге Арыстанбабтың сүйегі қойылады. Арыстанбаб Түркістанда қайтыс болғанымен Отырарда жерленген.

Жоғарыдағы әңгімеге қайта оралайық. Әмір Темір Түркістаннан кірпіштерді тасытып, Арыстанбабтың басына үлкен күмбезді кесене салдырыпты. Содан кейін ғана Қожа-Ахметке арнап салынып жатқан кесене құламапты да, әміршінің тірлігі алға басыпты.



2. «Киелі мекен – Түркістан» туралы не білесің? Пікіріңді бөліс.



3. Атаулар кестесін толтыр.

Кейіпкерлер	Қалалар	Сәулет өнері

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



## №17 Сабақтың тақырыбы: Алтын адам (Ұлттық энциклопедия)

Сабақтың мақсаты: Тарихи деректермен танысамын.

**Алтын адам (5 ғ.)** — Алматы облысы Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі.

Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін “хайуанат нақышында” жасалған. Бас сүйектің сол жағынан жаһұт тастармен әшекейленген алтын сырға табылды. Бас киімі кейінгі қазақ киімі үлгілеріне ұқсас, биік, шошақ төбелі, ұзындығы 70 см шамасында. Мойнында дөңгелек жүзік сияқты алтын алқа, іш көйлегі, көкірегінің тұсы, жеңі алтын тоғалармен өрнектелген, саусағында екі алтын жүзік, камзолы құрастырылмалы ауыр белбеумен буылған. Белбеуге аңға ұқсас бейнелер, 16 тоға жапсырылған, оң жағында қызыл қынапты ұзын семсер, сол жағында алтын пластиналар жапсырылған қынға салынған темір қанжар —ақинақ, шалбар балағы да алтын тоғалармен әшекейленген.

Қорған қазбалары Қазақстанды 5 ғ. мекен еткен ежелгі тайпалардың мәдениеті, өнері, діні жайлы құнды деректер берді.

Киім үлгісі, жерлеу рәсімі, Алтын адамның Жетісу жерін мекендеген сақтардың көрнекті елбасының ұлы немесе жас көсем, әскербасы екенін айқын көрсетеді. Көне дәуірдегі материалдық мәдениет, өнер, мифология, т.б. салалардан мол дерек беретін Алтын адам сол кездегі сақтарда мемлекеттік өркениет ертеден қалыптасқанын дәлелдейді. Алтын адам – Қазақстанның азаттық символына айналды. Оның тұлғасы Алматының бас алаңына орнатылды, төбе бөркіндегі қанатты тұлпарлар бейнесі елтаңбамызға енді.



2. «Деректер әдісі» . Қазақстанның басқа аймақтарынан табылған «Алтын адамдар» туралы шынайы деректермен бөліс.



3. Мәтіннен әшекейлі бұйымдардың атауларын тауып, жаз.

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



## №18 Сабақтың тақырыбы: Бәсіре

Сабақтың мақсаты: Ұлттық дәстүрді дәріптеймін.

Бәсіре — қазақ шаңырағында дүниеге ұл бала келгенде, сол күндері туған құлынды немесе ботаны нәрестенің бәсіресі деп атау салты. Қазақ халқының ұғымы бойынша, дүниеге келген баланың болашағы өзіне атаған бәсіремен тығыз байланысты. Сондықтан оны мінбейді, сатпайды. Бәсіре мүмкіндігінше жүйрік, жорға әрі біреу болғаны дұрыс. Бәсірені баламен бірге қадағалайды, бұла қып өсіреді. Есейе келе бәсіресі бар баланың да малға деген ықыласы, пейілі түзу болады.



2. Қазақтың бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлері туралы айт.



3. Синквейн. Төрт түлікке байланысты бес жолды өлең құрастыру.

1. Бір зат есім
2. Екі сын есім
3. Үш етістік
4. Сөйлем құрастыру
5. Синоним жазу

Өз жұмысыңды бағалап, боя.



## №19. Сабақтың тақырыбы: Өнер - білім бар жұрттар Ы. Алтынсарин

Сабақтың мақсаты: Өлеңнің тақырыбы мен негізгі ойын анықтаймын.

Өнер - білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды;  
Айшылық алыс жерлерден,  
Көзіңді ашып - жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды.  
Аты жоқ құр арбаны  
Мың шақырым жерлерге,  
Күн жарымда барғызды.  
Адамды құстай ұшырды;  
Мал істейтін жұмысты  
От пен суға түсірді;  
Отынсыз тамақ пісірді,  
Сусыздан сусын ішірді.  
Теңізде жүзді балықтай,  
Дүниені кезді жалықпай,  
Білгендерге осылар  
Бәрі - дағы анықтай,  
Білмегенде танықтай;

Біз де бекер жатпалық,  
Осыларға таныспай;  
Ат өнері білінбес  
Бәйгеге түсіп жарыспай;  
Желкілдеп шыққан көк шөптей  
Жаңа өспірім достарым,  
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,  
Ұмтылыңыз, қалыспай.  
Біз надан боп өсірдік  
Иектегі сақалды.  
Өнер – жігіт көркі деп  
Ескермедік мақалды...  
Біз болмасақ сіз барсыз,  
Үміт еткен достарым,  
Сіздерге бердім батамды.



2. Сөйлемдегі ғылым жетістіктерінің қазіргі заман мен ұштастырып суретін салып, дәлелдеп бер.

Тастан сарай салғызды;  
Айшылық алыс жерлерден,  
Көзіңді ашып - жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды.  
Аты жоқ құр арбаны  
Мың шақырым жерлерге,  
Күн жарымда барғызды.

Адамды құстай ұшырды;  
Мал істейтін жұмысты  
От пен суға түсірді;  
Отынсыз тамақ пісірді,  
Сусыздан сусын ішірді.  
Теңізде жүзді балықтай,  
Дүниені кезді жалықпай

**Өз жұмысыңды бағалап, боя.**



**№20 Сабақтың тақырыбы: Көксерек М. Әуезов**

Сабақтың мақсаты: Мәтін бөліктеріне ат қойып, жоспар құрамын.

Тұтқын болып кеткен көк күшік ауыл тұрғыны болды. Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асырауға көнеді десті. Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойып алды. Ертеңді-кеш айналасынан шықпайды. Өзіне жеке асқұйғыш — итаяқ әзір болды. Баурын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіп тағылды. Үй ішінен шықпайды. Түн баласында Құрмаш қасына алып жатады. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Бөлек жатады. Қасында не аяқ жағында, көрпенің астында Көксерек жатады.

Жаз ортасына жақындаған кез болды. Көксерек үлкейді. Семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, бәсеңдеу. Ауылдағы өзі құрбы күшіктерден сонша үлкен емес.

Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді. Бірде-бір ит мұны дос көрмейді, маңына жақындатпайды. Қасқырға шабатын батыл төбеттер бұны талап та тастайды. Өзге көп ит те ырылдап үріп, кейде тап беріп, әр жерінен тістеп тартып кетеді. Құрмаш қасында болғанда таяқ жемейді. Бірақ ержете бастаған сайын бұдан иесі көз жазып қала берді. Сондай кезде Көксерекке ылғи жау иттер кездеседі. Бір уақыт үлкен үйдің үлкен қара ала төбеті оңашада бұны алып соғып, көп езгіледі. Бұны талап жатқанын көріп, өзге иттер де келіп шабынан алып, борбайынан созғылап өлтіруге айналып еді. Шаң-шұңмен балалар, үлкендер жиылып кеп, иттерді ұрып, зорға айырып алды.



2. Шығарманы өз ойыңмен аяқта.



3. Қасқырдың баласын қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды.

---

---

---

---

---

Өз жұмысыңды бағалап, боя.





## Қорытынды

Тіл дамыту – ана тілі әдістемесінің аса жауапты да күрделі саласының бірі. Оның күрделі болуының себебі бала тілін дамыту міндетін жүзеге асырушы мектепте жүргізілетін пәндер қазақ тілі мен ана тіліне ғана байланысты болмай, оның сөйлеу әрекетіне де тәуелді.

Бастауыш сыныптарда жүргізілетін тіл дамыту әдістемесі – білім алушыларға білім жүйесін меңгертуге, тілге деген икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін әдіс-тәсілдері мен формалар, принциптер мен оқытудың мазмұны жайындағы ілім. Жалпы әдістеме ғылымның бір саласы.

Басқа ғылымдар сияқты тіл дамыту әдістемесі де теориялық ғылымдардың соңғы жетістіктеріне негізделі дамиды. Тіл ұстартудың ғылыми негіздері – тіл білімі, әдебиет және психология. Өйткені тіл - қоғам өмірінің объективті құбылысы, ол бүкіл халық үшін бірдей. Қай тілдің болмасын айтылуының грамматикалық және синтаксистік нормативтік ережелері болады. Мұны тіл білімі зерттейді.

Бастауыш сыныптарда балалар оқу іс-әрекетінің негіздерін қалайды, сондықтан бастауыш сынып білім алушыларының сөйлеуін дамытуға ерекше назар аудару керек, өйткені бұл дағдыларсыз балаға одан әрі бағдарламаны игеру қиын болады. Кіші мектеп жасы-бұл баланың өмірінің сезімтал кезеңі, онда білімнің негізі қаланады, мотивациялық сала дамиды, зияткерлік дағдылар қалыптасады, олар жеке тұлғаның дамуына негіз болады. Сондықтан бастауыш білім берудің құралдары мен әдістері сөйлеудің айтарлықтай дамуын қамтамасыз етуі керек: сөйлеу мәдениеті, интонация, қарқын, дикция, жалпы және нақты сауаттылық.

Бұл әдістемелік ұсыныммен танысу барысында «Бастауыш сыныпта баланың тілін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар» жүйесіндегі әдістемелік жұмыс тәрбиешілер, ұстаздар, балалар мен ата-аналар арасындағы жемісті ынтымақтастыққа бағытталған. Мектеп мұғалімдері сыныптан тыс уақытта қолданылатын жұмыс формалары мен әдістерімен танысады, «Тіл дамыту» курсына арналған бағдарламаларының негізгі талаптарын біледі. Сонымен қатар бастауыш сынып мұғалімдері 1-4 сыныптағы білім алушыларға арналған бағдарламалармен тереңірек танысып, әдістемелік ұсынымдарды тәжірибелерінде қолданып, білім алушылардың тілін дамытудың негізгі бағыттарын анықтай алады.

Бастауыш сыныпта баланың тілін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар жобасы әзірленді.

Әдістемелік ұсыным Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында бастауыш білім беру деңгейі бойынша қолданысқа қажет.



## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сахыбекқызы Р. ИМАХАНБЕТ, Ахмет Байтұрсынұлының тіл туралы еңбегі. <https://tilalemi.kz/article/2091>
2. Тусубекова К.К., Нурпейсова М.С., Жунисбекова Ж.А., Есипов В.В., Керимбекова Р.А. Некоторые теоретические основы интеллектуального развития младших школьников в психологических исследованиях // Международный журнал экспериментального образования. – 2016. – № 6-2. – С. 225-228
3. Сыздыкбаева А.Д. Формирование исследовательской компетентности будущего учителя начальных классов: дис. ... док. PhD: 6D010200.– 2016
4. Бисембаева Ж.К. 58 Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі: оқу әдістемелік құрал / Бисембаева Ж.К. – Қостанай: У.Султангазин ат. Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019. – 81 б.
5. Ушинский К. Д. О значении отечественного языка в первоначальном обучении // Собр.соч. - М., 1949. - 264с.
6. Кольцова М.М. Ребёнок учится говорить. – Москва: Советская Россия, 1979
7. Практическая психология: Учебник/ Под редакцией М.К. Тутушкиной. – Санкт-Петербург: Издательство «Дидактика Плюс», 1997
8. Унт И.Э. Индивидуализация и дифференциация обучения. – Москва: Педагогика, 1990
9. Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. – Москва, 1969
10. Фомичёва М.Ф. Воспитание у детей правильного произношения. – Москва: Просвещение, 1980
11. Львов М.Р. Методика обучения русскому языку в начальных классах. – Москва: 2000
12. Нечаева О.А. Функционально – смысловые типы речи (описание, повествование, рассуждение). – Улан-Удэ, 1974
13. Плёткин Н.А. Уроки развития речи: 5 – 9 классы: Книга для учителя: Из опыта работы. – Москва: Просвещение, 1996
14. Практическая психология: Учебник/ Под редакцией М.К. Тутушкиной. – Санкт-Петербург: Издательство «Дидактика Плюс», 1997
15. Психология: Учебное пособие для педагогических институтов/ Под редакцией Ковалёва А.Г., Степанова А.А., Шабалина С.Н.
16. Речевое развитие младших школьников/ Сборник статей под редакцией Н.С. Рождественского. – Москва: Издательство «Просвещение», 1970
17. Педагогика и психология/ Л.А.Григорович, Т.Д.Марцинковская – Санкт-Петербург: Гардарики, 2009 - 480б.
18. Педагогика: Педагогические теории, системы, технологии: Учебное пособие для студентов средних педагогических учебных заведений/ С.М.Смитнов.- Санкт- Петербург: Гардарики, 2009 - 512 б.

19. Тихомирова Л.В. Развитие интеллектуальных способностей школьника. – Ярославль: «Академия развития», 1996
20. Унт И.Э. Индивидуализация и дифференциация обучения. – Москва: Педагогика, 1990
21. Фомичёва М.Ф. Воспитание у детей правильного произношения. – Москва: Просвещение, 1980
22. Шуваева А.В. Совершенствование системы языкового образования в современной школе и в вузе. Материалы региональной научно-практической конференции 17 мая 2000г. – Санкт-Петербург: СпецЛит, 2000
23. Щёголева Г.С. Система обучения связной письменной речи в начальной школе. – Санкт-Петербург: Специальная Литература, 2005
24. Сергеева Б.В., Трофимцова О.С. Теоретические основы развития речевой деятельности младших школьников // Научное обозрение. Педагогические науки. – 2017. – № 3. – Б. 110-122
25. Развитие лексики ребенка. [Текст] [Электронный ресурс]: учеб. пособие /С.В. Плотникова. – М.: Флинта, 2011. – 224б.
26. Зайдман И.Н. Развитие речи и психолого – педагогическая коррекция младших школьников // Начальная школа, № 6, 2003

## Мазмұны

	Кіріспе	3
1	Бастауыш сыныпта баланың тілін дамытудың теориялық негіздері	5
2	Бастауыш сыныпта баланың сөздік қорын және сөз мәдениетін қалыптастыру жолдары	14
3	Бастауыш сыныпта баланың тілін дамыту әдістемесі	24
4	Бастауыш сыныпта баланың тілін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар	26
	Қорытынды	96
	Пайдаланған әдебиеттер	97
	Қосымша	100

Бастауыш сыныпта «Тіл дамыту» курсына арналған жұмыс дәптері  
үлгілері

1-сабақ Менің мектебім

**Мақсаты:** Сурет бойынша әңгіме құрастыру, сұрақтарға жауап беруге үйрету;

1. Суретке қарап, мектеп туралы әңгімеле. Сенің мектебің қандай? Мектеп саған ұнай ма?



2. Төмендегі сөздерді сәйкестендір.

Ұстаз	таза
қарындаш	Жарық
мектеп	ақылды
сынып	жаңа
балалар	қызықты
кітап	Білімді

3. Төмендегі сөздердің түсіп қалған әріптерін жаз.

Д ... п, ... уа, ш ... ш, ж ... лан, шаңғ ... , ... рын , ... имон , ... обот.

2-сабақ Алпамыс мектепке барады

**Мақсаты:** фильмнен үзінді көрсету арқылы өз ойын жүйелі түрде айта білуге үйрету.

1. Фильмнен үзінді қарап, саған ұнаған жерін әңгімеле. Алпамыс қандай бала? Адал дос деген кім?



1. Кестеден фильмде кездесетін сөздерді тауып, боя.

Күшік	қоңыз	бұлт	айна
телефон	Мектеп	Батыржан	тау
нан	машина	мысық	тышқан

3. Төмендегі сұрақтарға сөздер жаз.

Кім? \_\_\_\_\_

Кімдер, \_\_\_\_\_

Не? \_\_\_\_\_

Нелер? \_\_\_\_\_

### 3-сабақ Менің жазғы демалысым

**Мақсаты:** Балаларды сюжеттік сурет, бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.

1. Сурет бойынша әңгіме құрастырып айт. Сенің жазғы демалысың қалай өтті?



2. Әріптерден сөз құра. Артық әріпті тап.

ТРҰҚП						
ҚАМЙАҚЖ						
ЙАМК						
ЗЫМЫҚА						
ТЕШ						

3. Төмендегі сөздерді пайдаланып, сөйлем құрап айт.  
АТА,ӘЖЕ, ЖАЙЛАУ,ДЕМАЛЫС,КӨҢІЛДІ, ҚЫЗЫҚТЫ.

#### 4-сабақ Берекелі, мерекелі- күз!

**Мақсаты:** Мәтіні туралы, оның түрлерін ажырата білуге, жоспар бойынша мәтін құрастыра білуге үйрету.

1. Құрылған жоспар бойынша ертегіні мазмұндап бер.

Жоспар:

- ✓ Тышқанды қандай сұрақ мазалады?
- ✓ Нан қайдан келеді?
- ✓ Тышқан сұрағына жауап ала алды ма?

2. Көп нүктенің орнына керекті әріпті қой.

Құстар ұшт... . Жапырақтар сарғайд... . Мал жайылд... .

3. Шашылған әріптерден сөз құра.

Р	Т	Ғ	О	Й	А

А	Н	М	Р	О

А	М	А	С

Қ	Р	А	Ы	А	Ж	П

#### 5-сабақ Менің сүйікті кейіпкерім

**Мақсаты:** Білім алушылардың қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту

- Суреттегі ертегілерді ата? Өзінің сүйікті кейіпкерін туралы әңгімелеп бер.





- Берілген суретті боя.



### 6-сабақ Менің сүйікті кейіпкерім

**Мақсаты:** Білім алушылар өздерінің актерлық шеберліктерін көрсетіп, ертегіні сахналап көрсету арқылы, білім алушылардың танымдық қасиетін дамыту.

1. Парталасыңмен «Түлкі мен тырна» ертегісін сахналап көрсету.
2. Төмендегі сұрақтарға жауап беретін сөздерді жаз.

Кім? Кімдер	Не? нелер?	Не істеді?, қайтті?

### 3. Мәтіннен кейіпкерлердің атын жаз.

#### Балапан

Күшік кенет үре бастады. Мұқаш бұтаның түбінде отырған бір балапанды көрді. Суық жаңбырдан тоңған балапан дір-дір етеді. Ақ күшік балапанның қасына жүгіріп барды. Мұқаш балапанды үйге алып келді. Бірнеше күн күтіп бақты. Мұқаш терезені ашты. Балапан ұшып кетті.